БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 143 (9461) | 1954 жылғы 20 июль Сейсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Физкультурашылардың Москвада болған Бүкілодақтық парады. (1-бет).

ЖЕМІСӨПТІ МОЛ ӘЗІРЛЕУ—АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ: **М. Назаренко.**—Машинистердің табысы. **К. Оразалин.**—Мақсаты — 1500 гектар пішен шабу (1-бет).

МАРКСТІК- ЛЕНИНДІК ТЕОРИЯНЫ ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК: **Қ. Әбілханов.**—Базис және қондырма туралы (2-бет).

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов пен Финляндия Сыртқы істер министрі Урхо Кекконеннің арасындағы келіссөздер туралы Совет -Финляндия мазмұндамасы (2-бет).

Совет -Финляндия экономикалық қатынастары жайында (2-бет).

А. Николаев. —Жеке үй құрылысына көп көңіл бөлінсін (3-бет).

Е. Жубанов. —Полудень ауданының мектептері жаңа оқу жылына әзір емес. (3-бет).

Г. Шмелевский. —Алматы ауданы, Мичурин атындағы колхоздың малды лагерьлеп, қолда бағу жоспары. (3-бет).

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада. (4-бет).

Шетел хабарлары. (4-бет).

КОЛХОЗДАРДА МАЛ ҚОРАЛАРЫН САЛУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛСЫН

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы үстіміздегі жылы мал қыстатуға мерзімінде әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуді, сөйтіп, колхоздарда малдың толық аман сақталуын және оның өнімділігін арттыра беруді қамтамасыз ету міндетін қойды. Облысымыздың колхозшылары бұл міндетті жүзеге асыру жолындағы күресте пішен жыйнау, шөп сүрлеу жұмыстарымен қатар, мал мен құс үшін жаңа қоралар салу, бұрыннан пайдаланылып келген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстарын қызу жүргізіп келеді.

Әсресе, колхоздардағы құрылыс бригадалары жаңа мал қораларын салу жұмысының қарқынын үдете түсуде. Мәселен, Ленин атындағы колхоздың (Соколов ауданы) Казенных, Неколин жолдастар басқратын құрылыс бригадаларының мүшелері айтарлықтай табысқа жетуде. Бұл бригадалардағы құрылыс шеберлері үәзірдің өзінде сыйыр бұзаулайтын, тәл тұратын стандартты үйлердің, 1000 бастық құс қорасының жаңа құрылыстарын аяқтап, ағаш материалынан шошқа үшін стандартты қора салуға кірісті. Осы колхоздың жылқы фермасының меңгерушісі Фролов жолдастың басшылығымен ферма коллективі құлынды биелер үшін қамыстан жаңа қора салды. Бұл қораны салуға және құрылыс үшін керекті материалдарды даярлауға 7 адам қатысты. Олар өзара социалистік жарысты өрістете отырып, жаңа құрылысты бір апта ішінде аяқтады. Құрылыс жұмысы колхозға өте арзанға түсті.

Сол сыяқты, Полудень ауданындағы «Путь Ильича», Конюхов ауданындағы Куйбышев атындағы колхоздарда да жаңа қоралар салу ойдағыдай жүргізіліп келеді. Аталған колхоздар мал қораларының жаңа құрылыстары үшін жергілікті құрылыс материалдарын тиімді пайдалануды шебер ұйымдастыруда. Сонымен қатар, бұл колхоздардың мал өсірушілері бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды мал қыйынан тазарту, жөндеу, дизенфекциялау жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Колхозшылардың қоғамдық малдары жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етуге, сөйтіп, малдың толық аман сақталуына және оның өнімділігін арттыра беруге колхоздарда мал қораларын салудың барысымен үнемі танысып, оған жаңды басшылық жасап отырмайды. Тіпті, Октябрь, Ленин аудандарының Совет атқомдері (председательдері Мусин, Бигожин жолдастар) Совет атқомдерінің колхоз құрылыстары жөніндегі бөлімін құруды да осы уақытқа дейін керек деп ташпаған. Аудандық Совет атқомдерінің басшылары бұл бөлімдерді басқаратын мамандарды және штат бойынша керекті техниктерді іріктеп алуға әлі асығар да емес. Мұның өзі аудан басшыларының құрылыс жұмыстарына басшылық етуді жақсартуға көңіл бөлмейтінін көрсетеді.

Колхоздардағы құрылыс жұмыстарының жайымен колхоз құрылысы жөніндегі облыстық басқармасының қызметкерлері де жете таныс емес. Өйткені, олар колхоздарда өте сирек болады. Ал, колхозға барғанның өзінде, құрылыс жұмыстарының, әсресе, мал қораларын салудың жайымен шұғылданбайды. Мәселен, колхоз құрылысы жөніндегі облыстық басқарманың бастығы Волошин жолдас жақында Булаев ауданы колхоздарында болды. Бірақ, не пайда, ол өзі болған колхоздарда мал қораларын салу жұмысының қалай жүргізіліп жатқанын, құрылысшылардың қандай материалдарға мұқтаж екендігін тексеріп білген жоқ. Әрине, мұндай жауапсыздықтың құрылыс жұмыстарын жақсартуға пайда бермейтіндігі түсінікті.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы мал қораларын, — сыйыр қораларды, бұзау қораларды, шошқа қораларын, қой қораларды, құс қораларды және басқаларды жаңадан салу, ескілерін жөндеу жұмыстарын малды қораларда бағып- күтуге қойғанға дейін толық аяқтауды талап етті. Бұл талаптың әрбір колхоз бойынша сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету үшін партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары құрылыс жұмыстарына күнбе- күн басшылық етін отыруы тиіс. Колхоздардағы құрылыс бригадаларының жұмысты өнімді істеуін қамтамасыз ету үшін оларды құрылыс материалдарымен жабдықтау, құрылысшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру қажет. Жаңа қоралар салуға жергілікті құрылыс материалдарын — ағаш, кірпіш, ақ, черепица, қамыс тағы

Физкультурашылардың Москвада болған Бүкілодақтық парады

Бүкілодақтық Физкультурашылар күні— жастық шақтың, күш пен денсаулықтың мейрамы. Бұл күні бүкіл елімізде, стадиондарда, спорт алаңдарында, су станцияларында миллиондаған жігіттер мен қыздар өздерінің физкультура мен спорт саласындағы табыстарын көрсетеді.

18 июльде Москвада болған спорт мейрамы асқан салтанатты, сәулетті мейрам болды. «Динамоның» орталық стадионында физкультурашылардың Бүкілодақтық парады өткізілді. Бұл салтанатқа 30 мыңнан аса спортшылар — барлық одақтас республикалардың ерікті спорт қоғамдарының өкілдері қатысты.

Күндізгі сағат 12-де мемлекет және қоғам қайраткерлері, өндіріс жаңашылдары, ғылым, әдебиет, искусство қызметкерлері, Қарулы Күштердің генералдары мен офицерлері трибунаға лық толды. Дипломатиялық корпустың мүшелері қатысуда. Совет спортшыларының мейрамына шетелдердің спорт делегациялары, демократиялық жастардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының, студенттердің халықаралық одағының делегациялары, халықаралық спорт бірлестіктерінің басшылары келген.

Үкмет ложаларына К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, сонымен қатар, Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик және ГБСП орталық комитетінің секретары ГДР премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихт келді.

Стадионда «Бәріңізде тыңданыздар!» деген команда естіледі. ССРО Министрлер Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитеттің председателі Н. Н. Романов, БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары А. Н. Шелепин және КБОС секретары А. И. Шевченко алаңға шықты. Бұлар парад командашысының рапортын қабылдады. Романов жолдас физкультурашылармен амандасты, оларды Бүкілодақтық физкультурашылар күнімен құттықтап, сөз сөйледі. Совет Одағы Мемлекеттік Гимнінің үні салтанатпен естілді.

Парадтың басталуына барлығы да әзір тұр. Командалар берілді. Орасан үлкен құрама оркестр марш ойнаған кезде, физатылды. Мыңнан аса жас спортшылар бақытты совет балаларының қалай тынығып, көңілді серуен құратынын жасыл шөптен жасалған кілемнің үстінде көрсетіп берді.

Карел- Фин ССР-нің физкультурашылары өнерлерін көрсетті. Алаңның ортасында гимнастика жаттығуы көрсетіле бастады. Әрбір жаттығудың орындалуы өте шебер, әрі сәнді. Ондаған спортшылар әрбір қыймылды бір адамдай орындап берді.

Көрушілер Эстон ССР-нің өкілдеріне қызу қолшапалақтады. Физкультурашылар өнер көрсетуін сап түзеу арқылы: «Дүниеде бейбітшілік орнасын» деген сөздер жазумен аяқтады.

Көкшіл сулы Балтық теңізі Латвияның жағалауын алып жатыр. Рига шығанағының, терең сулы Даугаваның айдындарында жүздеген яхталар ерсілі- қарсылы жүзуде. Міне, Латвияның физкультурашылары да өз өнерлерінде ең қыйын гимнастикалық қыймылдарды ескекшілердің, суға жүзушілердің қыймылымен ұштастыруда.

ССРО кубогін жеңіп алған литван баскетболшылары даңқты атаққа ие болып отыр. Литван физкультурашылары өз өнерін көрсетуді өз халқының сүйікті ойыны —баскетболға арнады. Алаңның орталығында орасан үлкен корзина көрінген кезде бұған жүздеген ақ және қызыл топтар түсірілді, мұның өзі республикада баскетболдың бұқаралық спортқа айналғанын бейнелегендей еді.

Армения, Азербайжан және Грузия өкілдерінің программаларында нағыз тапқырлық, шын мәнісіндегі өнерлер көп болды. Закавказье республикаларының жастары демалып, тыныққан сағаттарда қалада да, селода да орындалатын халық күйлерінің сазды үндерін, би түрлерін Москва стадионына алып келді. Армения өзінің таңдаулы гимнастарын жіберген. Бұлар алаңға шыға бергенде колоннаның алдында еркін қыймылдарды орындап берді.

Оңтүстік трибунасы түсында мұнай мұнараларының бейнесі көрінді. Азербайжан күйі естілді. Азербайжанның физкультурашылары аралас еркін қыймылдап, жедел «еліктеу» өнерін көрсетті. Түрлі түсті ленталар байлаған қыздар әрі жаттығу және қыймыл жасау элементтерін көрсетіп берді. Қолдан жасалған ондаған рингтерде бокс ойындары көрсетілді.

Еліміздің ең ірі жоғары төрт оқу орны —Ленинградтың Лесгафт атындағы физкультура институты мен Сталин атындағы орталық физкультура институты студенттерінің ойындары есте мәңгі сақталады. Спортшы жастардың болашақтағы тәрбиешілері —жоғары оқу орындарының, спорт қоғамдарының оқытушылары мен тренерлері гимнастика өнерлерін жаппай еркін көрсетуде, снарядтарда ойнауда орындау техникасының өте мінсіз екендігін көрсетіп берді.

Рупорлардан вальс күйі естілді. Бұл күй күшейіп, ұлғая түсті. Москваның жоғары оқу орындарының үш мың дерлік студенттері сахнаға шықты. Алаң үлкен гүл бағына айналды. Сап түзеген қыздардың қыймылымен жасаған қызыл гүлдер, дала гүлдер және басқа гүлдер жаңа ғана шашақ атқандай әсер тудырды. Студенттер брусиялар мен арнаулы 140 снарядта гимнастикалық өнерлер көрсетті.

Белоруссияның физкультурашылары қайыңды тоғайдан жүгіріп шыққандай әсер тудырды.

Кәсіподақтардың спорт қоғамдары физкультурашыларының өнер көрсетуі нағыз бұқаралық қыймылға ұласты. Стадионға 4 мың жас жұмысшылар, жұмысшы әйелдер және қызметшілер келді. Спортшылар алаңның орталығында күнге тотыққан қолдарын жоғары көтергенде, алтындай жайқалған егінді жел есіп шайқағандай әсер берді.

Россияның Федерациясының, Украина физкультурашыларының өнерлері бай және мазмұнды болды. Мұнда еліміздің халықтарының мызғымас достығының тақырыбы айқын бейнеленген.

Украин физкультурашылары жасыл алаңға келгенде, олардың сап түзеуі «300 жыл» деген сөздерді, УССР мен РСФСР жалауларын айқын бейнелеп берді. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының даңқты күнін еліміз барлық совет халықтары достығының ұлы мейрамы ретінде жуырда ғана атап өтті.

Стадионда Украинның халық әндері шарықтап естілуде. Спортшылар аралас ер-

Жемісөпті мол әзірлеу— аса маңызды міндет

Машинистердің табысы

Қоғамдық мал үшін жемісөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасау жолында Ворошилов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) колхозшылары мен МТС механизаторлары ынтымақтаса еңбек етуде. Мұнда шөп шабу және оны жыйнап, маялау жұмыстары бір- бірімен ұштастырыла жүргізілуде.

Кеңалымды шөп машиналарының машинистері пішен шабу науқанының алғашқы күндерінен-ақ өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еңбек өнімділігін есеппен арттыруда. Мәселен, Кашкин жолдас басқарған шөп шабу агрегатының машинистері өздерінің күшмүмкіншіліктерін есептей келіп, сменалық нормаларын үнемі 200 процеттен орындауға міндеттенген еді. Олардың сөзі мен ісінде алшақтық жоқ. Техникаға үнемі тыңғылықты күтім жасап, жұмысқа өнімді пайдаланудың нәтижесінде машинистер алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Олар 20 гектардың орнына күн сайын 60-70 гектар пішен шауып, тапсырманы 250- 300 процент орындауда. Сол сыяқты, кеңалымды шөп машиналарының машинистері Ельцов, Савостьянов жолдастар да кәзірдің өзінде 700 гектар шөп шауып, тапсырманың 130 процент орындалуына жетісті.

Жемісөп дайындаудағы ең күрделі жұмыс —шөпті маяға салу. Бұл жұмыста әсресе, механикаландырылған шөп маялағыштың машинашысы Стурин жолдас игі нәтижелерге жетіп келеді. Ол сменалық нормасын үнемі 130- 140 процент орындайды. Басқа маяшылар да өнімді жұмыс істейді. Осының нәтижесінде маяшылар күн сайын 300- 350 центнер шөп маялауда.

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру, мал фермаларының қасына шөп тасу жұмысын да қарқынды жүргізуге мүмкіндік берді. Кәзірдің өзінде мал фермаларының маңына 3 мың центнерден астам шөп тасылып үйілді. Бұл күндері пішеншілер бригадалары жемісөп дайындау жоспарын артығымен орындауға, сөйтіп, қоғамдық мал азығының берік базасын жасауға өздерінің күш- мүмкіншіліктерін аямай жұмсауда.

М. НАЗАРЕНКО,
Преснов МТС-і партия ұйымының

руге жағдай туғызуға дейін ынталылығы күшті. Бірақ, көптеген жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз басшылары мал қораларын жаңадан салу, бұрынғы қораларды жөндеу жұмыстарын колхозшылардың ынталылығы дәрежесінде ұйымдастыра алмай келеді. Сондықтан облыс колхоздарын тұтас алғанда мал қораларын салу, бұрынғы қораларды жөндеу жұмыстарының жайы қанағаттанғысыз жағдайда.

Чапаев атындағы колхоз (Полудень ауданы) мал қораларының жеткіліксіздігінен өткен қыста едәуір зиян шекті. Колхозшылар бұл жағдайдан арылу үшін быйыл сыйыр малы үшін стандартты екі қора, бір төл үйін, бір қой қора, бір құс үйін салуды ұйғарды. Бұл құрылыстарды ерте бастан қолға алып, қызу қарқынмен жүргізуге колхозда мүмкіншіліктің бәрі де бар. Бірақ, амал не, колхоз басқармасы (председателі Шель жолдас) бар мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды ұйымдастыра алмай отыр. Сондықтан мұнда құрылыс жұмыстары әлі күнге дейін басталған да жоқ. Жағдай Конюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында да дәл осындай.

Колхоздарда жаңадан мал қораларын салудың барысы өте-мөте нашар болып отырғанына алдымен, аудан басшылары кінәлі. Өйткені, олар колхоз басшыларынан тұрақты құрылыс бригадаларын құруды, жоспарланған жаңа қоралар салуға жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануды қатаң талап етпейді. Аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері осы ойлағыдай жүргізілуі керек.

Айта кетуіміз керек, облыстық тұтынушылар одағы колхоздарды құрылыс материалдарымен жабдықтау жөніндегі өзінің міндетін нашар атқарып келеді. Колхоздарға ағаш, тақтай, шифер, шеге, әк, цемент тағы басқалары тұтынушылар одағы тарапынан кезінде жеткізілмейді. Облыстық тұтынушылар одағының председателі Писеуков жолдастың мұндай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруды ойластыратын уақыты жетті.

Құрылыс материалдарын тасымалдауда, ағаш тілуде және мал қораларын салу жөніндегі басқа жұмыстарды жүргізуде, мал фермаларын механикаландыру жөніндегі жабдықтарды құрастыруда колхоздарға МТС тарапынан барынша көмек көрсетілетін болуы қажет.

Колхоздарда мал қоралары құрылыстарының қарқынды жүргізілуін қамтамасыз ету үшін аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары құрылыс бригадалары мүшелерінің арасында үгіт-бұқаралық жұмысты, социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, сөйтіп, істі ұйымдастыруда колхоз басқармаларына нақтылы көмек көрсетіп отыруға міндетті. Барлық күш- мүмкіншіліктерді толық жұмылдыра отырып, мал қораларын жаңадан салу, бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды жөндеу, тазарту, дезинфекциялау тапсырмаларын әрбір колхоздың толық орындауына жетісейік. Қоғамдық мал жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етілетін болсын!

ССРО Министрлер Советінде

Москваның, Ленинградтың және басқа қалалардың мектептерінде қыз балалар мен ер балаларды бірге оқытуды енгізу туралы

ССР Одағы Министрлер Советі **қаулы етеді:**

1. Оқушылардың ата- аналарының тілектерін және мектеп мұғалімдерінің пікірін ескеріп, 1954—1955 оқу жылынан бастап Москваның, Ленинградтың және басқа қалалардың мектептерінде ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту енгізілсін.

Ер балалар мен қыз балалар мектептерінің оқушыларын бірге оқыту қоса есептегенде 1— 9-кластарға енгізілсін. Алдағы оқу жылында бірге оқыту ісі 10-кластарда енгізілмесін.

2. Қыз балалар мен ер балаларды бірге оқытуды енгізуге байланысты одақтас және автономиялық республикалардың Министрлер Советтеріне, сондай-ақ өлкелік және облыстық атқару комитеттеріне қажетті шаралар қолданып, халық ағарту орындарына көмек көрсету міндеттелсін.

Лениногор қаласындағы жаңа құрылыстар

ЛЕНИНОГОР, (ҚазТАГ). Алтай кеншілерінің және металлургтерінің қаласында жаңа құрылыстар көптен салынып жатыр. Тек июльде ғана мұнда көлемі үш мың шаршыметрден астам әдемілеп салынған жаңа бірнеше тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

Мәдениет үйін, балалар яслиін және басқа да үйлерді салу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. Теміржол және Свердлов атындағы көшелер асфальттелуда.

Жыл аяғына дейін Ленногор еңбекшілері әдемілеп салынған 10 мың шаршыметрден астам жаңа тұрғын үйлер алады.

ӨЗБЕК АРТИСТЕРІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Мұнда ССРО халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Халима Насирова басқарған ансамбльдің бірінші концерті болды. Ол орыс, өзбек, қазақ, тәжік, түркмен, украин және грузин әндерін, халықтық демократия елдерінің әндерін орындады, жуырда өзінің Қытайға барған сапарында алған әсері туралы айтты. Өзбек артистері Оңтүстік Қазақстанның колхоздарында да концерт береді.

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ



Грузин ССР-нің павильоны. Суретті түсірген **Н. Грановский.** **(СОТА-ның фотохроникасы).**

культурашылар колонналары жүре бастады. Парад —мейрамның тамаша бастамасы.

Трибунадағылар ду қолшапалақтады. Бұл келе жатқандар — дүние жүзінің, Европаның және Совет Одағының чемпиондары мен рекордшыларының, көптеген халықаралық жарыстарда жеңіп шыққандардың колоннасы.

Россия Федерациясы, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Қазақстан, Грузия, Азербайжан, Литва, Молдавия, Латвия, Қырғызстан, Тәжікстан, Армения, Түркменстан, Эстония, Карел-Фин ССР физкультурашыларының біртұтас қуатты семьясы құм себілген жолмен өтті. Астананың нық басып келе жатқан жас пионерлерін көрушілер жылы шыраймен қарсы алды. Ақ көйлектер мен кеуде көйлектер, қызыл галустуктер көз тартады. Пионерлердің соңынан ілесе кәсіподақтардың спорт қоғамдарының физкультурашылары, село физкультурашыларының, «Спартак» және «Динамо» қоғамдарының құрама колонналары келе жатыр. Жүрістің соңынан Совет Армиясы спортшылары өтті.

Қолдарына гүл шоқтарын ұстаған біртоп ер балалар мен қыз балалар алаң арқылы жүгіріп келеді. Жас балалар үкімет ложасына көтеріліп, ондаған мың көрушілердің қолшапалақтауы үстінде партия мен үкметтің басшыларына гүлдер сыйлады. Ал, бұл кезде стадион алаңы нағыз пионер лагеріне айналды. Шатырлар тігіліп, штаб, спорт қалашығы орнады. Күмістей мөлдіреген ондаған фонтан

...ларының өзара жарысында грузин жастары үздік екенін көрсетті. Түрлі түсті ленталар оларға көрушілер де қызыға шаттанып, ұзақ уақыт ду қолшапалақтады.

Жүзім бұтақтарымен қоршалған самалды орындықтардан Молдаван ССР-нің физкультурашылары жүгіріп шықты.

Қызыл және көк маталардан жасалған Қазақ ССР-нің жалауы алаңның ортасына жылжып келеді. Мұны Қазақстанның жүздеген физкультурашылары қолдарына алып, жоғары ұстаған. Жалауды сәл серпіп қалғанда, ол орасан үлкен транспорантқа айналды, онда былай деп жазылған: «6.400 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игереміз».

Стадионға жыйналғандар Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан физкультурашыларының орындауында көптеген қызықты өнерлерді көрді.

Оңтүстік трибунаның өн бойында «Еңбек резервтері» ерікті спорт қоғамының ақшыл көк жалаулары тігілді. Еліміздің жұмысшы табының жас ұрпағының өкілдері бүкіл футбол алаңына лық толды, сап түзеді. Бұлардың бұлшық етті жұмыр денелері сарқылмас күшті денсаулықты көрсетіп тұр. Мыңдаған қолдар жоғары серпіп қалғанда физкультурашылардың үстінде күміс жарқырағандай болды. Жас жігіттер мен қыздар болат ленталар ұстап, өнерлерін өте тамаша, мінсіз орындады. Боксшының қолқабын киген 2 мыңға жуық жас жігіттер алаңға жүгіріп шықты. Бұлар боксшылардың

гимнастика залына айналды. Еліміз бен Украин республикасының таңдаулы гимнастары сақиналарда, брусияларда, ағаш аттарда спорт өнерлерін өте шебер көрсетіп берді.

Финалдық пирамида жасалды. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына байланысты Украин ССР наградталған Ленин ордені пирамиданың ең үстінде алтындай жарқырауда.

Барлығы да орталыққа жыйналды. Түрлі түсте маталар ұстаған қолдар біркісідей жоғары серпілгенде, олардың үстінде бейбітшілікті, еңбекті, Совет Одағының орасан үлкен гербін бейнелеген көріністер бірінен соң бірі көрінді.

Одақтас республикалар физкультурашыларының колонналары тағы да алаңға шықты. Олар ССРО гербінің екі жағына сап түзеп тұрды. «Мәңгі біргеміз» деген терең мағналы сөздер бейнеленді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметін құттықтаған ұрандар естілді. Әрбір спорт делегациясынан бөлініп шыққан қыздар партия мен үкметтің басшыларына орасан үлкен гүл шоқтарын тапсырды. Стадионның үстінде күшті айтылған «Ура!» естілді. Парадқа қатысушылар оркестрге қосылып, Совет Одағының Гимнін орындады.

* * *

Физкультура парады кезінде ең күшті гимнастар, жеңіл атлетшілер, штангашылар және палуандар өнерлерін көрсетті.

(СОТА).

секретары.

Совхоз пішеншілерінің қажырлы еңбегі

МАМЛЮТКА. **(Өз тілшіміздан).** Мамлют тұқымдық мал совхозының коллективі үстіміздегі жылы мал азығының берік қорын жасау мақсатымен пішен дайындау жұмысының қарқынын еселеп күшейтуде. Пішеншілер өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін жақсартудың нәтижесінде өздерінің сменалық нормаларын толық және артығымен орындап жүр. Мәселен, өздігінен жүретін шөп машинаның машинисі Горелов жолдас кәзірдің өзінде 650 гектар шабындықтың шөбін шауып, белгіленген тапсырманың артығымен орындалуына жетісті. Одан машинистер Мустафин, Доцков жолдастар да қалысатын емес. Олар күндік тапсырмаларын үнемі 120- 130 проценттен орындауда.

Совхоз пішеншілері шөп шабумен бірге, оны жыйнап, маялауды да ұйымшылдықпен жүргізуде. Бұл жұмыста, әсресе, коммунист Зоя Белова жақсы көрсеткіштерге ие болып жүр. Ол өзінің нормасын біржарым есе орындап келеді. Сол сияқты, маяшылар Сексенбаева, Разумова, Еньшина, Бектемірова жолдастар да күндік тапсырманың екі есе орындалуына жетісуде.

Жемшөп дайындау жұмысына совхоз интеллигенциясы белсенділікпен қатысуда. Олар үнемі жексенбілік өткізіп, пішеншілерге зор көмек көрсетеді. Соңғы бір жексенбілікке 40-тан астам адам қатысып, 2100 центнер шөп маялады. Бұл күндері совхоз пішеншілері жемшөп дайындау жұмысын егін жыйнау маусымына дейін аяқтау мақсатымен қажырлы еңбек етуде.

МАҚСАТЫ —1500 ГЕКТАР ПІШЕН ШАБУ

Ықлас Әбілмәжінов Чапаев атындағы колхозда (Октябрь ауданы) 15 жылдан бері тракторшы болып істеп келеді. Ол машинаны жұмысқа іскерлікпен пайдаланудың нәтижесінде жақсы тәжрибеге ие болумен колхозшылардың зор құрметіне бөленген.

Озат тракторшы жыл сайын пішен шабу жұмысына да белсенділікпен қатысып, өзіне белгіленген тапсырманың артығымен орындалуына жетісіп келеді. Мәселен, өткен жылы ол 1200 гектар пішен шауып, тапсырманы 125 процент орындаған еді.

Әбілмәжінов жолдас быйыл да қоғамдық мал азығының берік базасын жасау ісіне үлес қосу мақсатымен пішен дайындау жұмысына белсенділікпен қатысуда. СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысына жауап ретінде егін орағы басталғанға дейін 1500 гектар шөп шабуға міндеттеніп, оны орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Ол күн сайын 20 гектардың орнына, 28-30 гектар пішен шауып, жақсы көрсеткіштерге ие болып жүр.

К. ОРАЗАЛИН.

Маркстік-лениндік теорияны үйренушілерге көмек

БАЗИС ЖӘНЕ ҚОНДЫРМА ТУРАЛЫ

Базис және қондырма жөніндегі мәселе қоғам туралы маркстік- лениндік ғылымнан ерекше орын алады. Қоғамның базисі дегеніміз не, оның қондырмасы қайсы, базис пен қондырманың өзара қарым- қатынасы, олардың өндіріспен, өндіргіш күштермен байланысы қандай?— Міне, бұл мәселелерді дұрыс түсіну қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын ашып, қоғам тарихына көзқарастағы субъективтік бұрмалаушылықтарды жеңуге мүмкіншілік береді.

Базис пен қондырма жөнінде тұңғыш рет Маркс пен Энгельс тұжырымдаған ұғым тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің бастамасы болып табылады. Қоғамдағы барлық қатынастарды белгілеп беретін ең негізгі, бастапқы қатынастар ретінде, адамдардың өндірістік қатынастарын қоғам өмірінің басқа салаларынан бөлек алып, марксизмнің негізін қалаушылар бұл арқылы қоғамның дамуын табиғи- тарихи процесс деп түсіну үшін берік негіз қалады. Осының арқасында қоғам тарихын, қоғам өмірі дамуының заңдылықтарын зерттеп, үйрену ғылымға айналды.

Қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын тереңінен аша отырып, қоғам туралы маркстік- лениндік ғылым жұмысшы табына және оның маркстік партиясына дүниені революциялық жолмен қайта құру үшін, коммунизмнің жеңісі үшін күрестің қуатты идеялық қаруын шындап берді.

Базис пен қондырманың классиктік анықтамасын Маркс былай деп тұжырымдады: «Өз тұрмысындағы қоғамдық өндірісте адамдар өздерінің еріктеріне байланыссыз, өздерінің материалдық өндіруші күштерінің белгілі даму сатысына сәйкес, белгілі, қажетті қатынастар — өндірістік қатынастар жасайды. Бұл өндірістік қатынастардың жиынағы қоғамның экономикалық структурасы, шын базис болып табылады, заң және саяси қондырманың нақты негізі осы болады, қоғамдық сананың белгілі түрлері осыған келіп сәйкеседі» (К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, 1-том, 322-бет).

Бұдан кейін Маркс белгілі бір өндірістік қатынастардың шеңберінде өсіп, өркендеп келген материалдық өндіргіш күштердің кейіннен, ілгері дамый отырып, сол қатынастармен тікелей қайшылыққа келетіндігін көрсетіп берді. Мұндай өндірістік қатынастар өндіргіш күштерді өркендетудің қозғаушы күшінен олардың кедергісіне айналады. Осыдан барып, әлеуметтік революция дәуірі туады. Қоғамның экономикалық негізі —өндірістік қатынастар, яғни нақтылы базис өзгергеннен кейін, орасан зор бүкіл қондырма да белгілі бір дәрежеде тез өзгереді. Қоғам дамуының бұл тарихи заңдылықтарын тереңінен түсінудің негізінде Маркс капиталистік құрылыстың революмен өндірістік қатынастардың арасында елеулі айырмашылықтар болғанымен, бұл екеуі өзара бірігіп, өндіріс тәсілін жасайды. Сондықтан өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар бір- біріне әсер етіп отыратын бірыңғай категориялардың қатарына жатады. Сол сыяқты, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды бір нәрсе деп қарауға да болмайды. Өйткені, өндіргіш күштер адамдардың табиғат күштеріне қатынасын білдірсе, өндірістік қатынастар адамдардың өндіріс процесіндегі өзара қатынасын білдіреді.

Экономикалық базис мәңгі орнаған, ешуақытта өзгермейтін нәрсе емес, қайта ол тарихи жағдайларда өзгеріп отырады. Ескі базистің орнына жаңа базистің орнауы өндіріске енген өзгерістерден туады. Мәселен, металдан жасалған құралдар, тастан жасалған құралдарды өндірістен ығыстырып шығарған кезде жабайы аңшылық шаруашылығының орнына егіншілік, мал өсіру, қолөнер кәсібі орнады. Осыған байланысты жеке адамдардың байлық жиынауына мүмкіншілік туды. Алғашқы қауымдық құрылыс заманындағы өндіріс құралдарына қоғамдық меншік жойылды. Оның орнына құл иеленушінің өндіріс құралдарына және өндіріс қызметкеріне жеке меншігі үстемдік құрып, жаңа өндірістік қатынастар, яғни жаңа экономикалық базис —құл иеленушілік құрылыс пайда болды.

Тарихқа бес экономикалық базис мәлім. Олар —алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және социалистік құрылыстар. Олардың әрқайсысы адамдардың сана-сезімінен, тілектерінен емес, қоғамның өндіргіш күштерінде үздіксіз болып отыратын өзгерістердің нәтижесінде пайда болды. Мұның өзі өндіріс тәсілі өзгергеннен кейін, бүкіл қоғамдық- экономикалық құрылыстың да өзгеретіндігін көрсетеді.

Өндіріс тәсілінің өзгеруі нәтижесінде пайда болған әрбір жаңа базис сол өндіріс тәсілі жөнінде белсенді роль атқарады. Ол өндіргіш күштерді өркендетудің қуатты қозғаушы күші немесе кедергісі болады. Мәселен, ССРО-да өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің сыйпатына негізінен сай келеді. Сондықтан біздің социалистік базис өндіргіш күштердің шарықтан өсуіне жәрдемдеседі. Ал капиталистік елдердегі жағдай бұдан мүлде өзгеше. Оларда өндірістік қатынастардың антагонистік сыйпаты бар, олар өндіргіш күштердің сыйпатына мүлде сай емес. Сондықтан бұл елдерде капиталистік базис өндіргіш күштердің өркендеуіне бөгет жасап отыр.

Әрбір базистің өзіне сай қондырмасы болады. «Қондырма дегеніміз қоғамның саяси, праволық, діни, көркемөнерлік, философиялық көзқарастары және оларға сәйкес саяси, праволық, тағы басқа ме-

айналады, өз базисінің қалыптасып, нығаюына белсене көмектеседі, жаңа құрылыстың ескі базис пен ескі таптарды құртып, жоюына көмектесу үшін барлық шараларды қолданады».

Қоғамдық -экономикалық бір формацияның ішінде де базис пен қондырма өзгермей, бір орында тұра бермейді. Өндіргіш күштердің өркендеуі оларды өзгертіп, икемделіп отыруға мәжбүр етеді. Алайда, базис пен қондырма өндіргіш күштердің сыйпатына сай келуден қалған кезде, ескі қоғамның өз ішінде экономикалық жаңа талаптар, жаңа өндірістік қатынастардың, яғни жаңа базистің кейбір көріністері, буларға сәйкес саяси, праволық, философиялық және басқа идеялар мен көзқарастар, яғни жаңа қондырманың элементтері пайда болады. Экономикалық жаңа талаптардан туған бұл идеялар мен көзқарастар бұқараны саяси жаңа армияға топтастырып, біріктіреді, сөйтіп бұл армия ескі базиске және заманы өтіп бәрі жатқан үстем таптың мүдделерін қорғаушы ескі идеялар мен мекемелерге қарсы күреске шығып, оларды жұлатады.

Сонымен, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың арасындағы жанжал әлеуметтік революциялардың экономикалық негізі болып табылады. Ал, қандай да болсын революциядағы негізгі мәселе —саяси үстемдік үшін саяси өкмет билігі үшін күрес екені мәлім. Сондықтан, әлеуметтік революцияның нәтижесінде ескі мекемелер күшпен жойылады және ескі өндірістік қатынастардың орнына жаңа өндірістік қатынастар орнатылады. Ескі қоғамның өз ішінде туған жаңа базистің қалыптасып, нығаюына ескі базис пен ескі таптарды құртуға жәрдемдесетін жаңа қондырманың жасалу процесі осылай жүзеге асырылады.

Мынадай мысал келтіруге болады. Революциядан бұрынғы Россияда капиталистік қоғамның өз ішінде жаңа идеялар —марксизм- лениншм идеялары пайда болды. Бұл идеялар бұқараны азаттық жолындағы күреске, қаулап өскен өндіргіш күштерді өзінің тар шеңберіне сыйғыза алмай, дағдарысқа ұшыраған ескі өндірістік қатынастарға қарсы күреске топтастырып, біріктірді. Коммунистік партияның басшылығымен Россия пролетариаты шаруалармен одақтаса отырып, Октябрь революциясын жасады, ескі базис пен ескі қондырманы құлатып, жаңа өндірістік қатынастар және оларға сай жаңа қондырма орнатты, яғни социалистік қоғам құрды.

АҚШ-та, Англияда, Францияда және басқа капиталистік елдерде өзірге бұл болған жоқ. Мұның сыры мынада: империалистік буржуазия мемлекеттік аппаратты шамадан келгенше ұлғайтып, милитаристік саясатты күшейту, буржуа-

Социалистік базистің пайда болуындағы бұл ерекшеліктің мәнісі мынада: өндірістің капиталистік әдісінен социалистік әдіске көшу бұдан бұрын болған қоғамдық, теңкерістердің қайсысынан болсын анағұрлым күрделі, зор және терең өзгерістер жасайды. Егер капитализм жарыққа шыққан кезде қанаудың түрі ғана өзгеріп, адамды адамның қанауы сол күйінде қалған болса, социалистік өндіріс тәсілі қанау атаулының бәрін жойды. Ол болса социалистік өндіріс қатынастары капитализмнің шеңберінде, оның өз ішінде пайда бола алмайды.

Қанаушы таптардың бірі ретінде буржуазия өкмет билігін өз қолына алғанға дейін, феодалдық құрылыстың өз ішінде -ақ капиталистік шаруашылықты өркендету үшін керекті белгілі бір материалдық байлық жиынауға мүмкіншілік алады. Ал, пролетариаттың қолында мұндай мүмкіншіліктер болмайды. Сондықтан, ол жеңімпаз революция жасағанға дейін социалистік өндірісті ұйымдастыра алмайды. Пролетариат үшін жаңа экономика құрудың алғашқы қадамы буржуазияны экспроприациялау болып табылады.

Ақырында барып, буржуазиялық қоғамның жағдайларында өндіріс құралдарын бүкіл қоғамның игілігіне айналдыру мүмкін болмағандықтан социалистік өндіріс қатынастары капитализмнің өз ішінде пайда бола алмайды.

Социалистік базистің орнауындағы ерекшеліктер туралы маркстік- лениндік теория меньшевиктердің, троцкийшілдер мен бухариншілдердің, лениншмнің басқа да жауларының капитализм өзінен- өзі, бірте- бірте социализмге «ұласады» деген оппортунистік сандырақтарын толық күйретті.

Социалистік қондырманы тұтас алатын болсақ, ол да капиталистік құрылыстың өз ішінде қалыптаспайды. Ескі қоғамда оның кейбір элементтері ғана пайда болады, ал қондырманың өзі революциядан кейін жасалады. Мәселен, ССРО-да социалистік қондырма көптеген жылдар бойы қалыптасып, шыңдалуда болды, ол дамудың ұзақ жолынан өтті, сөйтіп өзінің социалистік базиске толық сай келетін кәзіргі сыйпатына ие болды.

Совет халқы біздің елімізде социализм орнатып, кәзіргі күнде коммунизмге қарай сеніммен алға басып келеді. Бұл жағдайда біздің бүкіл социалистік қондырма ерекше белсенді роль атқарады. Коммунистік Партия мен Совет Үкметінің орасан зор ұйымдастыру- шаруашылық және мәдени- тәрбие жұмысы коммунизмнің материалдық- техникалық базасын, елімізде материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасауға бағытталған.

Социалистік экономиканы, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті өркендетуде қолжеткен табыстардың негізінде Коммунистік

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов пен Финляндия Сыртқы істер министрі Урхо Кекконеннің арасындағы келіссөздер туралы

СОВЕТ-ФИНЛЯНДИЯ МАЗМҰНДАМАСЫ

1954 жылғы 17 июльде аяқталған Москвадағы сауда келіссөздері кезінде, сонымен қатар, Совет Одағының Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов пен Финляндия Сыртқы істер министрі У. Кекконеннің арасында жалпы мәселелер жөнінде де әңгімелер болды.

Достық жағдайда өткен бұл әңгімелер кезінде екі жақ өздерінің арасында кең көлемді өзара түсінушілік бар екенін анықтады, мынадай жалпы пікірде болды.

Совет Одағының Үкметі мен Финляндия Үкметі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету кәзіргі жағдайда аса маңызды міндет болып табылады деп санайды. Екі Үкмет кәзіргі уақытта бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мемлекеттердің күш- жігерін біріктіру өте қажет болып отырғанына сенеді. Қоғамдық құрылысына қарамастан, тек барлық мемлекеттердің коллективтік күш- жігері ғана халықтардың хауіпсіздігін қамтамасыз ете алады, өйткені, бейбітшілік үшін және жаңа соғыс хаупіне қарсы күресу барлық елдердің ортақ мүдделеріне сай келеді. Совет Одағының Үкметі мен Финляндия Үкметі, 1948 жылғы 6 апрельде жасалған достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договордың рухында қиымыл жасай отырып және халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуды көздеген тілегін басшылыққа ала отырып, БҰҰ-ның принциптеріне сәйкес халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдауға барынша көмектесуге ұмтылып отырғанын мәлімдейді.

Совет Одағы мен Финляндия арасында достық қатынастарды нығайтуға және онан әрі өркендетуге ұмтыла отырып, ССРО мен Финляндия Үкметтері ССРО-ның Хельсинкидегі миссиясы мен Финляндияның Москвадағы миссиясын елшіліктер етіп қайта құруға және елшілер алысуға келісті.

СОВЕТ-ФИНЛЯНДИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

Совет Одағы мен Финляндия арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде, 1954 жылғы 17 июльде Москвада 1956—1960 жылдары екі елдің арасындағы товарлар алыс -берісі туралы келісімге қол қойылды.

Келісімге: совет жағынан Сыртқы сауда министрінің бірінші орынбасары С. А Борисов және фин жағынан Финляндияның Сыртқы істер министрі У. Кекконен қол қойды.

Қол қою кезінде мыналар болды: совет жағынан —ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян, ССРО Сыртқы Істер Министрінің бірінші орынбасары А. Я. Вышинский, ССРО Министрлерінің орынбасарлары В. А. Зорин, М. Р. Кузьмин, И. Ф. Семичастнов, В. Н. Птачников, ССРО Сыртқы сауда министрлігінің Батыс елдерімен арадағы сауда басқармасының бастығы Н. И. Чеклин, ССРО-ның Финляндиядағы кіші елшісі В. З. Лебедев, ССРО-ның Финляндиядағы сауда өкілі А. И. Сосунов және ССРО Сыртқы сауда министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің басқа да жауапты қызметкерлері;

Фин жағынан Финляндия Үкмет делегациясы басшысының орынбасары министр Г. Палмрут, Финляндия Ішкі істер министрі В. Лескинен, Финляндияның ССРО-дағы уақытша елшісі Р. Энкель, Москвадағы фин миссиясының Атташесі Т. Кекконен және басқалары.

Келісімде былай деп көрсетілген: 1954 жылғы товарлар алыс- берісі туралы Протоколға сәйкес 580 миллион сомға жуық мөлшерде белгіленген Совет Одағының Финляндиядан алатын импорты 1956 жылы 590 миллион сомға дейін, 1957 жылы —595 миллион сомға дейін, 1958 жылы —630 миллион сомға дейін, 1959 жылы —640 миллион сомға дейін және 1960 жылы —655 миллион сомға дейін артады.

Екінші жағынан, бұл келісімде былай деп көрсетілген: 1954 жылы кеміде 425 миллион сом болатын Совет Одағының Финляндиядағы экспорты 1956 жылы 430 миллион сом, 1957 жылы —435 миллион сом, 1958 жылы—470 миллион сом, 1959 жылы — 480 миллион сом және 1960 жылы—495 миллион сом болады.

1956—1960 жылдардың ішінде фин және совет алыс- берістері арасында жыл сайын 160 миллион сом мөлшерінде болатын айырмашылықтың 120 миллион сомы үшінші елдермен келісімдер жасасу жолымен сонымен қатар Совет Одағының Финляндиядағы жыл сайын 40 миллион сом мөлшерінде еркін айналымдағы валютаны аударып беруі арқылы толтырылады.

Келісімде былай деп көрсетілген: 1956—1960 жылдары Совет Одағының

циялық жолмен сөзсіз жойылатындығы, оның орнына жаңа, социалистік қоғамның орнатылатындығы туралы данышпандық қорытындыға келді.

Маркстің ілімін ілгері дамыта отырып, В. И. Ленин экономикалық базис пен қойдырмаға ғылми талдау жасады. Ол адам дардың қоғамдық қатынастарының материалдық және идеологиялық қатынастар болып екіге бөлінетіндігін оның ішінде идеологиялық қатынастардың адам санасы мен еркінен тысқары қалыптасатын және адамның өз өмірін сақтауға бағытталған қыймылының түрі болып табылатын материалдық қатынастардың үстіндегі қондырма болып есептелетіндігін атап көрсетті.

Қоғамның өмір сүріп, дамый алуы үшін керекті материалдық игіліктерді өндірудің тәсілі қоғамның материалдық тұрмысы жағдайларының жүйесіндегі негізгі күш, қоғамның бет- бейнесін, қоғамдық құрылыстық сыйпатын, қоғамның бір құрылыстан екінші құрылысқа қарай дамуын шешетін басты күш болып саналады, деп үйретеді марксизм-ленинизм. Өндіріс тәсілінің екі жағы бар. Олар — қоғамның өндіргіш күштері және адамдардың өндірістік қатынастары. Қоғамдық өндірістің бұл екі жағының базис болып саналатыны—тек өндірістік қатынастар ғана (өндіріс құралдарына меншіктің түрі, әртүрлі әлеуметтік топтардың өндірісте алатын орны мен олардың өзара қарым- қатынасы, өнімді бөлудің түрі). «Базис дегеніміз қоғамның белгілі бір даму дәуірінідегі экономикалық құрылысы» (И. В. Сталин).

Базистің қатарына өндіріс тәсілі түгелдей неге енбейді? Өйткені, өндіріс тәсілінің бір жағы —өндіргіш күштер қондырманы тікелей белгілей алмайтын болса, өндіріс тәсілінің екінші жағы —өндірістік қатынастар қондырманы тікелей белгілейді. Мұның тағы бір мәні мынада: белгілі бір қоғамдық- экономикалық формация өзгергенде, сол қоғамның ескі өндіргіш күштері—өндіріс құралдары, адам дардың өндірістік тәжрибесі мен еңбекке дағдысы жойылмайды, ал ескі базис жойылады, сөйтіп оның орнына қоғамдық-экономикалық жаңа құрылысқа сәйкес жаңа базис жасалады.

Базисті өндіргіш күштерден тыс, өз алдына бөлек алып қарауға болмайды. Өйткені, өндіргіш күштер кемелер» (И. В. Сталин). Ол базисті қамту және қолдау үшін жасалады.

Белгілі бір дәуірде өкмет басында отырған тап, сол кезде үстемдік құрып тұрған өндіріс тәсілінің иесі болып табылады. Сондықтан, бұл тап—өндірістің рухани жағының да қожасы. Оның идеялары —сол қоғамда үстем идеялар. Мәселен, буржуазиялық қоғамда капиталистер экономиканың да, саясаттың да қожасы болып саналады. Олар өздеріне қызмет ететін, өздерінің мүдделерін қорғайтын, яғни капиталистік базисті жақтайтын қондырма жасайды. Олай болса, қондырманың әрқашан да таптық мәні болады.

Алайда кез келген идеялардың бәрі бірдей қондырма бола бермейді. Қондырмаға тек белгілі бір базисті қорғайтын идеялар мен көзқарастар ғана жатады. Мәселен, біздің елімізде Октябрь революциясы жеңіп, социалистік базис орнатылғанға дейін жұмысшы табының және оның марксстік партиясының идеялары қондырманың ролін атқарған жоқ. Өйткені ол кезде Россияда капиталистік өндіріс қатынастары үстемдік құрды, сөйтіп бұл базисті өзіне сай праволық, діни, философиялық идеялар мен мекемелер қорғап тұрды. Ал, жұмысшы табының және оның революцияшыл партиясының идеялары капиталистік базисті қорғаған жоқ, қайта оны құлатуға бағытталды. Біздің елімізде Октябрь революциясы жеңіп, жаңа, социалистік өндіріс қатынастары орнатылғаннан кейін ғана жұмысшы табының және оның марксстік партиясының идеялары қондырмаға айналды. Сол сыяқты, Совет адамдарының кейбір артта қалған бөлегінің санасындағы капитализмнің қалдықтары және ескі салт -сананың сарқыншақтары социалистік қондырмаға жатпайды. Өйткені, олар социалистік базисті қорғамайды. Бүкіл совет жұртшылығының міндеті —ескі дүниенің бұл сарқыншақтарын ақырына дейін жою болып табылады.

И. В. Сталин базис пен қондырманың өзара қарым -қатынасын былай деп көрсетті: «Қондырма базистен туады, бірақ, бұдан қондырма базисті ғана көрсетеді, ол өзі селсоқ, бейтарап нәрсе, өз базисінің тағдырына, таптардың тағдырына, құрылыстың сыйпатына қалай болса солай қарайды деген мағна шықпайды. Қайта, жарыққа шыққаннан кейін, қондырма аса зор белсенді күшке листердің партияларына дейінгі бүкіл империалистік қондырманы капиталистік базисті жанталаса қорғауға пайдалану арқылы капиталистік құрылысты осы күнге дейін сақтап келеді. Бірақ, бұл ұзаққа бармайды. Қоғамның материалдық тұрмысының нақтылы жағдайларынан туып отырған алдыңғы қатарлы революциялық идеялармен қаруланған жұмысшы табы және оның партиясы қайткен күнде империализмді құлатады, сөйтіп өз елдерінде жаңа қоғам орнатады.

Қондырманың орасан зор роль атқаратындығын мойындай келіп, саяси және праволық көзқарастар мен оларға сәйкес мекемелердің, яғни мемлекеттің маңызын ерекше атап көрсету керек. Мемлекет үстем таптың қолындағы басқару машинасы болғандықтан, ол бұл тапқа тікелей байланысты, оның праволары мен мүдделерін қорғап, бекітіп отырады. Бұдан праволық қондырма ретінде мемлекет базиске тікелей қосылады деген қорытынды туады.

Философиялық діни, этикалық және басқа көзқарастар мен оларға сай мекемелерге келетін болсақ, онда бұларды, мемлекет пен право сыяқты, базис белгілеп қойғанымен, олар базистен едәуір «қашықтау» тұрады. Демек, белгілі бір базистің иесі болып отырған таптың мүдделерін философиялық, діни, этикалық және басқа көзқарастардан гөрі саяси және праволық идеялар мен мекемелер неғұрлым толық және тікелей қорғайды. Алайда, үстем таптың діни, философиялық, этикалық және басқа идеялары мен мекемелерінің де белгілі бір базисті қорғауға бағытталатындығын ұмытуға болмайды. Бұл жерде әңгіме тек қондырмалық категориялардың айырмасы жайында ғана болып отыр.

Бұдан бұрынғы тарихи даму процестерінен өзгеше, капитализмнен социализмге өту кезінде жаңа өндірістік қатынастар ескі құрылыстың өз ішінде қалыптасып айтындығын атап көрсету керек. Социалистік өндіріс қатынастары буржуазияның саяси үстемдігін құлатып, пролетариаттың саяси үстемдігін орнатқаннан кейін ғана пайда болады. Міне, сондықтан да И. В. Сталин пролетариат революциясы социалистік шаруашылықтың дайын тұрған бастамалары жоқ, немесе мүлде дерлік болмаған жағдайда басталады, деп көрсеткен болатын.

партия мен Совет үкметі жеңіл және тамақ өнеркәсібін, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетудің, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен елімізде астық өндірісін ұлғайтудың, халық тұтынатын заттар өндірісін онан әрі өркендетудің кең программасын жүзеге асыруда. Партия мен үкметіміздің бұл саясаты қоғамның материалдық тұрмысының нақтылы жағдайларынан туады және еңбекшілердің негізгі мүдделеріне сай келеді.

Бүкіл қоғамдық өндірісті үздіксіз өркендете отырып, Коммунистік партия совет халқының материалдық, әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін онан әрі арттыру, бүкіл қоғамның үздіксіз өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыру мақсатын көздейді. Халықтың игілігі жөніндегі қамқорлық— партия мен үкметіміздің бүкіл жұмысының ең жоғарғы заңы.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде де социалистік қондырманың атқаратын ролі орасан зор. Социалистік идеологияны, ғылымды, әдебиетті искусствоны— бұқарға идеологиялық жағынан әсер етудің барлық құралдарын пайдалана отырып, партия совет адамдарын еңбекке коммунистік тұрғыдан қарау, табандылық және инициатива біліру, Отанға шексіз берілгендік, халықтар достығы, жалынды советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде.

Социалистік мемлекет пен правоны нығайту, социалистік қондырманы жетілдіре беру деген сөз —елімізде коммунизм орнатудың негізгі құралын шындай беру деген сөз. Г. М. Маленков жолдас атап көрсеткендей, біздің қасиетті міндетіміз— бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің қуатты тірегі —біздің социалистік ұлы мемлекетімізді бұдан былай да қажымай- талмай және барлық жағынан нығайта беру болып табылады.

Біздің барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі — Коммунистік партия социалистік қондырманың бүкіл қызметіне бірлік енгізіп, бағыт сілтейтін басшы және жетекші күш болып саналады. Ол халқымызды коммунизмнің жаңа шыңдарына қарай сеніммен алға бастап келеді.

Қ. ӘБІЛХАНОВ.

жасау, кабель өнеркәсібінің және металл өңдеу өнеркәсібінің басқа салаларының өнімдері, стандартты үйлер, тілінген тақтай, баланстар, целлюлоза, қағаз, картон, сондай-ақ қағаздан жасалған бұйымдар болады.

Совет Одағының экспортында негізінен астық, қант, мал азығы, жасанды тыңайтқыштар, сұйық және қатты отын, металдар, прокат, мақта, химикаттар мен ең терісі болады, бұлармен қатар Совет Одағы Финляндияға өнеркәсіп жабдықтары мен автомашиналар, сондай-ақ тақтай тілгіштер мен баланстар беріп тұрады.

Таразы аспаптарын жөндеу цехы

Петропавл шойын құю -таразы заводы колхоздар мен совхоздардың қажетіне таразы жасап, үй жабдығына керекті заттар шығаруда. Осы заводтың таразы жөндеу цехының бригадалары кәзір тың және тыңайған жерлерді игеруші аудандардың колхоздары мен совхоздарына барып, әртүрлі таразылар мен салмақты гирлер жөнделп жүр. Цех жұмысшылары быйылғы жылдың екінші тоқсанының жоспарын 109 процент орындады. Оны ақшалай есептегенде, міндетті тапсырма 105,0 мыңның орнына, 114,2 мың сом болып орындалды.

Кәзір цех өткен июнь айының тапсырмасын 124 процент орындап, қажырлы еңбектің нәтижесінде заводаралық ауыспалы қызыл туды жеңіп алды. Жалпы цех бойынша июнь айында 254 таразы, 692 гир жөндеу керек болса, коллективтің 333 таразы, 1414 гир жөнделді. Ягни 35,4 сомның орнына, 43,8 мың сомның таразы аспаптарын жөнделп пайдалануға берді.

Егін орағының мерзімі жақындап келеді. Оған дейін таразы аспаптары колхоздардың дала қырмандарына комбайндардан келетін жаңа астықты өлшеп алуға әзір тұруға тиіс. Бұл әзірлікке шойын- құю таразы заводы белсене қатынасуға міндетті. Міне, сондықтан таразы жөндеу цехының бригадалары осы күні Мәмлют, Совет аудандарында таразыларды жөндеу жұмысын аяқтап, Булаев, Полудень, Ленин, Октябрь аудандарының колхоз, совхоздарында таразы аспаптарын жөндеп жүр.

Н. Лупаревич, Д. Вороновский жолдастар басқарған бригадалар айлық тапсырмаларын 160- 180 процеттен орындауда. Цех жұмысшылары П. Золотин, И. Никитин, Б. Поляков жолдастар таразы жөндеудің шеберлері, заводтың еңбек озаттарының қатарында. Олар өздерінің сменалық тапсырмаларын 110—120 процеттен орындап, қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде.

Жөндеу цехының көшпелі бригадалары август айынан бастап, Соколов, Приишім аудандарында жөндеу жұмыстарын жүргізбек. Цех жұмысшылары ауыл шаруашылығына жақсы жабдықталып, жөнделген таразы аспаптарын беруге міндеттенді. Олар егін орағы басталғанша облысымыздың барлық аудандарында таразылар жөндеу жұмысын бітірмек.

Қ. БАТПЕНОВ.

Нан комбинатында

Еңбекшілерді наймен және басқа ұннан пісірген әртүрлі тағамдармен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында Петропавл нан комбинатының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері абройлы еңбек етіп келеді.

Комбинат коллективі өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындау, өнім сапасын жақсарта беру үшін социалистік жарысты өрістете түсті. Мұнда мінсіз сапалы өнім шығару бригадасының атағын алу үшін бригадалар арасындағы жарыста алған міндеттемелерді тексеріп отыру дәстүрге айналған. Осы жарыста А. Фомичева мен Н. Чурсина жолдастың бригадалары алда келеді. Олар айлық және тоқсандық нормаларын үнемі 115-120 процент орындайды. Бұл бригадалардағы қамыр дайындайтындар А. Рященкина, И. Лаптев, нан пісірушілер А. Глаголева, Л. Симонова және үлгі - жасаушылар Е. Шалякина мен А. Шветовалар жұмыста жоғары көрсеткіштерімен комбинат коллективінің құрмет -қошметіне бөленулі. Олардың әрқайсысы сменалық нормаларын үнемі 115- 120 процеттен орындап, өнім сапасын жақсарта түсуде. Мұндай өндіріс озаттарын комбинаттың құрмет тақтасынан әрқашан көруге болады.

Фомичева, Чурсина жолдастар басқарған бригадалар теккана жоғары сапалы нан өнімдерін көптеп шығарып қана қоймай, сонымен бірге ұннан үнем жасауда да басқа бригадаларға үлгі көрсетуде. Мысалы, үстіміздегі жылдың бірінші жартысында А. Фомичеваның бригадасы 2 тонна ұн үнемдеген. Бұл үнемдеу технологиялық іс әдістері мен ұнның ысырап болуына қарсы шараларды түгел меңгере білуінің есебінен болды.

Комбинат осы жылғы июльдің бірінен бастап алғашқы рет жұмыс істей бастаған макарон цехын мақтанып ете алады. Бұл цех заводтардан жаңадан әкелінген өндіріс құралдарымен толық жабдықталған. Цехтың бригадирі Ф. Казарина, пресовщица К. Шадрина, кептіруші В. Булахова жолдастар цех іске кірісер алдында Қарағандыға барып, онда макарон өнімін жасауда көптеген тәжрибелермен танысып келген еді. Олар сол тәжрибелерін кәзір өз цехында іске асырып жүр.

Макарон шығару бригадасы социалистік жарысқа ұштасып, бұрынғы нан пісіруші П. Казарина жолдастың басқаруымен сменалық нормаларын 112-122 процент асыра орындауда. Бригадада пресовщица Т. Ускова, буын- түюшілер Д. Мельникова мен Е. Марочкиналар жұмысты жақсы істеп жүр.

Бұл цех тәулігіне 4 тонна макароч өндіреді. Жуырда цех макаронның рожки мен ракушка түрлерін де шығармақ. Цех тың шығарған алғашқы өнімдерін тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарға жөнелтуде.

Цех бастығы Н. Добринина өз жұмысымен цех коллективіне үлгі боларлық адам. Ол бұдан бұрын мінсіз сапалы жоғары өнім шығару бригадасының бригадирі болып келген еді.

А. ҚАЗТАЕВ.

Семей механизаторларының міндеттемесі

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Күндік тапсырмаларды асыра орындау және астықты көп бастыру жолындағы социалистік жарысты өрістету жөніндегі ставропольдік комбайншылардың патриоттық бастамасы облыс механизаторлары арасында қызу қолдау тапты. Жаңа семей МТС-нің комбайншысы Дмитрий Чупринин өткен жылы «Сталинец-6» комбайнымен 700 гектар дәнді дақыл және 360 гектар күнбағыс жыйнады. Кәзір оның комбайны егін жыйнауға шығуға дайын тұр. Ставропольдіктерден үлгі ала отырып, Чупринин кемінде 1 мың гектар егін жыйнауға міндеттенді.

Облыстың 200-ден астам комбайншысы өздеріне жеке міндеттемелер алды. Олардың әркайсысы 800-1000 гектардан егін жыйнауға және әрбір гектардан 15-20 центнерден астық бастыруға ұйғарды.

САУЫНШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Сүт-товарлы фермаларының Кострома оқу-тәжрибе шаруашылығы коллективінің жасаған жұмыс тәртібі Жетісу совхоздарында кеңінен қолдау табуда. Ленин атындағы тұқымдық мал совхозында және қызылша совхозында жаңа жұмыс күні тәртібі жазғы маусымда да негізінен сақталды. Тұқымдық мал совхозында, қысты күнгідей, сыйырларды бірінші рет сауу таңертеңгі сағат 4-те басталады. Таңертеңгі уақытта сағат 6-дан 8-ге дейін сыйырлар табиғи немесе қолдан жасалған жайылымдарда бағылады. Екінші рет сауу таңертеңгі сағат 8-де басталады. Бұдан кейін сыйырларға концентратты азық және жасыл шөп беріледі. Таңертеңгі сағат 9-да сауыншылар үйлеріне кетеді. Күн өте ыстық уақытта жеті сағат бойына сыйырлар жапаларда тұрған кезде, оларды мал күтушілер бақылайды—көк шөп береді, суаруға шығарады және мал тұратын жерді тазартады. Күндізгі сағат 4-те сыйырларды үшінші рет сауу және сыйырлардың үстін тазалау, оларды концентрат пен және жасыл шөппен азықтандыру басталады.

Жаңа жұмыс күні тәртібі бойынша жұмыс істегенде сауыншылардың жұмыс уақыты сегіз жарым сағаттан аспайды. Олар семьясына, оқуға, өзінің жеке шаруашылығына көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік алды. Жаңа жұмыс тәртібі бойынша жұмыс істеуге көшуге байланысты тұқымдық мал совхозы сауыншыларының көшілігі үстіміздегі жылы зоотехникалық курстарда оқуды ойдағыдай аяқтады. Аға сауыншылар Әйтекова және Тарасова сыйырларды бір мезгілде механикаландырылған екі аппаратпен саууға көше отырып, тағы да 4-5 сыйырды қоса сауу жөнінде мәселе көтерді.

Қосымша мамандықтарды меңгеруде

ТЕКЕЛІ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Текелі полиметалл комбинатында темір жол цехының көптеген жұмысшылары электровоз машинистігіне емтихан тапсырды. Теміржолшы Порошин, Ильина, Ладунский, Ким және басқалары өндірістен қол үзбей машинист мамандығын алды. Рудниктің 19 жұмысшысы өндірістен қол үзбестен тау мастері мамандығын меңгерді.

Кәзір өндірістен қол үзбей жаңа мамандықтарды меңгеру жөніндегі курстарда комбинаттың 70-тен астам жұмысшысы оқып жүр. Жыл басынан бері 600-ден кеңші жаңа мамандықтарды меңгерді. Кәзір комбинаттың мыңдаған адамдық коллективі жұмысшыларының жартысының екі-үш мамандығы бар.

Жеке үй құрылысына көп көңіл бөлінсін

Коммунистік партия мен Совет үкметі еңбекшілердің тұрғын үй жағдайын онан әрі жақсарту жөнінде үзбестен қамқорлық жасап келеді. Біздің елімізде тұрғын үй құрылысы үдемелі қарқынмен жүргізіліп келеді. Бесінші бесжылдық жоспар бойынша қалалар мен селоларда жалпы алаңы 105 миллион шаршыметрлік мыңдаған тұрғын үйлер салынатын болады. Соңғы үш жылдың ішінде ғана жалпы алаңы 82 миллион шаршыметрлік тұрғын үйлер салынды. Ай сайын мыңдаған жұмысшылар мен қызметшілер жақсы жабдықталған жаңа пәтерлерге орналасуда. Қалаларда тұрғын үй құрылысы негізінен индустриалық әдіспен жүргізіледі, мұның өзі жекелеген үйлерді ғана емес, сол сияқты, тұрғын поселкелерді тездетіп салуды қамтамасыз етеді.

Біздің елімізде мемлекеттік тұрғын үй құрылыстарының кең көлемде жүргізілуімен қатар жеке тұрғын үй құрылыстары да ойдағыдай жүргізілуде. Соғыстан кейінгі жылдарда мемлекет тарапынан жасалып отырған аса зор көмектің нәтижесінде жұмысшылар мен қызметшілер жүздеген мың жаңа үйлер салды. Жеке үй салушыларға ұзақ мерзімге 3 миллиард сомнан аса қаржы берілді. Үстіміздегі жылы жоспар бойынша жеке үй салушыларға ұзақ мерзімге 1 миллиард сом мөлшерінде қарыз беру көзделіп отыр. Бұл өткен жылғыдан 300 миллион сом, ал, орталық коммуналдық банк жеке үйлер салушыларға қарыз бере бастаған 1939 жылғыдан 10 есе артық. Кәзіргі уақытта 100 мың тұрғын үй салынып жатыр.

Чкалов, Грозный, Смоленск облыстарында, Ставрополь және Алтай өлкелерінде, Кабарда АССР-інде, Түркмен, Қырғыз және Литва республикаларында тұрғын үй құрылыстары ойдағыдай жүргізілуде. Соңғы жылдары Запорожье облысында 6 мыңнан аса тұрғын үй салынды. Оларды салу үшін мемлекет тарапынан 62 миллион 810 мың сом мөлшерінде қаржы берілді. Биылғы жылы облыстың 2700 еңбекшісі жеке меншікті үйлер салуда. «Ростовуголь» комбинатының шахтерлері, Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері жеке меншігіне жаңа үйлер салды.

Өзбек ССР-нің қалаларында жеке меншігіне үйлер салу жұмысы кеңінен өрістеуде. Республиканың ең алыстағы қалаларының бірі —Төрткөлде жеке меншікке үйлер салу себінен қаланың тұрғын алаңы 11 мың шаршы метр көлемінде ұлғайды. Үйлердің архитектурасы да едәуір жақсара түскен. Бір- екі бөлмелі кішкентай үйлердің орнына үш-төрт бөлмелі әсем жаңа үйлер салына бастады. Мұндай жақсы үйлерді республикада Ташкенттің Сталин атындағы тоқыма комбинатының, «Өзбексельмаш», «Ташсельмаш» заводтарының, Беговат металлургия заводының, Шырчық электр хи-

да жеке үйлер салып, ұзақ мерзімдік қарыздар ретіндегі көп жеңілдіктермен ол үйлерді өз мекемелерінің жұмысшылары мен қызметшілеріне сатады. Бұл үйлерді жұмысшылар мен қызметшілерге сату үшін ведомстволар мен министрліктер бір немесе екі этажды етіп бір бөлмеден бес бөлмеге дейінгі көлемде салады. Көп реттерде мұндай үйлерді сатып алу үшін үкмет еңбекшілерге үлкен жеңілдіктер береді. Мәселен, темір жол транспортындағы локомотив бригадаларының қызметкерлеріне жеке үйлерді өзінің салыну құнының 50 процентін кемітіп сатады.

Үстіміздегі жылы жеке үйлер салу МТС-терде кеңінен өрістеп отыр. Бұл мақсаттарға 450 миллион сом қарыз бөлінген. Ауыл шаруашылығының мыңдаған механизаторлары мемлекет көмегінің арқасында өздерінің жеке меншігіне үй салып алады.

Жеке меншігіне үй салу үшін еңбекшілерге 7-10 жыл мерзімге 10 мың сомға дейінгі мөлшерде қарыз беріледі. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указына сәйкес еліміздің әрбір азаматы мен азаматшасы жеке меншіктік праволар негізінде бір бөлмеден бес бөлмеге дейінгі көлемде бір-екі этажды, сол сияқты, қаладан тыс жерлерде де үй салып алуға праволы. Мұндай құрылыстар үшін жер учаскелері мәңгі пайдалануға беріледі.

Жеке меншіктік құрылысты қолдай отырып, үкмет қалалық және поселкелік Совет атқомдерін жеке меншігіне үй салуға жер сұраған еңбекшілердің өтініштерін ең көп дегенде 20 күндік мерзім ішінде қанағаттандыруға міндеттеді. Жергілікті Советтердің атқомдері үй салушыларды әсем және жақсы жабдықталған үйлер салу үшін үлгілі жобалармен қамтамасыз етуге тиіс. Жергілікті Советтер атқомдеріне, кәсіпорындары мен ұйымдардың басшыларына жеке үй салушыларға құрылыс бөлшектерін, материалдарын, түрлі құрал- саймандар, тағы басқаларын алу жөнінде техникалық консультация беріп, көмек көрсетуге міндеттелді. Осы мақсатпен қалаларда құрылыс материалдарының бөлшек саудасы ұйымдастырылды. Үй төбесін жабатын материалдар, кірпіш, цемент, шыны, бояу, шеге, электротехникалық материалдар сататын дүкендер ашылды. Оларда бір үлгілі үйлердің конструкциясын және заводтар дайындаған тұтас үйлерді алуға болады.

Сол сияқты, кәзіргі қолда бар жеке тұрғын үй қорын сақтауға жете көңіл бөлінуде. Бұл мақсатпен мемлекет жыл сайын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу үшін көп қарыз беруде. Үстіміздегі жылы осындай мақсаттар үшін 50 миллион сом қаржы босатылды.

Үй салушыларға жергілікті өнеркәсіп едәуір көмек көрсетуде. Мәселен, өткен жылы Риганың шифер жасайтын заводы жеке үй салушыларға арнап жүздеген вагон түсті шифер әкіберді. Ал, бір жылдың ішінде

министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қарыздарды кәсіпорындарына кешігіп бөлуді, үй салушыларға қарыз беруді кешеуілдетуі сияқты кемшіліктер кездеседі. Мұның өзі құрылысты өрістетуді бөгейді. Мәселен, Горький, Свердлов, Омск, Махачкала, Қарағанды, Ташкент, Саран сияқты еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқомдері жеке үй салу үшін жер учаскелерін кезінде бөлуді қамтамасыз етпейді. Бірқатар қалаларда жеке үй салушылардың үлгілі жобаларды іріктеп алуына мүмкіншілік жасалмаған. Өйткені, жобалар кезінде көбейтілмеген.

Бірқатар қалалық Советтердің атқомдері жеке үй салушыларға жер учаскісін еңбекшілердің жұмыс орнынан өте алыс жерден немесе сумен жабдықтайтын орны, электр қуаты жоқ және қаланың орталығымен, кәсіпорнымен - транспорт байланысы жоқ жерден береді.

Бірқатар қалаларда құрылыс материалдарын, әсресе, ағаш пен үй бөлшектерін сатудың дұрыс жолға қойылмауы жеке үй салудың ойдағыдай жүргізілуіне кедергі жасайды.

Жеке үй құрылысына мемлекеттік органдар тарапынан бақылау жұмысындағы кемшіліктер де жойылған жоқ. Бірқатар қалаларда нашар жобалармен үй салуға жол берілген. Бұл реттерде архитектура істері жөніндегі басқарма органдарымен келісілмейді, сәйтіп, өртке қарсы шаралар бұрмаланады, үйді және жер учаскелерін орналастырудың санитарлық тәртіптері сақталмайды. Кейбір үй салушылардың мемлекеттен үй салуға қарыз алып, уақытша отыратын кішкентай сарай салумен қанағаттанып, жердің қалған бөлегін огород және бақша жасауға бөлетін жағдайлары да кездесіп жүр. Мұның барлығы қалалық Совет атқомдері мен архитектуралық, құрылыс органдары, санитарлық және өртке қарсы бақылау, сол сияқты, қаржы босататын банктер тарапынан қала құрылысы жөнінде жеткілікті талап және бақылау қойылмағандығының салдары болып табылады.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің атқомдері және жеке үй құрылысына қаржы босататын банктер жеке үйлерді салудың сапасы және бұл құрылыстарды ұйымдастыруды жақсарту үшін батыл күрес жүргізуге тиіс. Үй салушылардың қарыздарды кезінде алуына және оларды дұрыс пайдалануына кәсіподақ ұйымдары жан- жақты көмек көрсетуге тиіс. Коллективтік шарттарға жеке үй салуда жұмысшылар мен қызметшілерге көмектесу жөніндегі мекеменің міндеттемелерін енгізу ұсынылады.

Жеке үй салушыларға жергілікті Советтердің атқомдері, кәсіпорындарының басшылары, қоғамдық ұйымдар, қаржы босататын банктер жан- жақты көмектесуге тиіс. Жеке құрылыстың сапасын

Петропавлдың Горький атындағы орта мектебінің жас мичуриншілері үстіміздегі жылы өздерінің мектеп жанындағы участогінде өсірген шөптерін екі рет шауып алуға үйғарым отыр. Олар костр, житняк шөптерімен аралас егілген бедені және көгентамырсыз бидайықты шабуға кірісті.

СУРЕТТЕ: жас мичуриншілер Әбдрахман **Мұқтаров** және Юрий **Перелыгин** шабар алдында шөптің шығымын байқап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

1954 жылдың алғашқы жарты жылында облысымыздың сақтық кассалары мемлекеттік заемдардың өткізілген тираждары бойынша еңбекшілерге 6709 мың сомның ұтыстарын төледі. Бұл өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда 970 мың сом артық.

Өткен жылдың бірінші жарты жылдығында Булаев аудандық сақтық кассасы аудан еңбекшілеріне 404 мың сомның ұтысын төлесе, быйыл 1-II тоқсанда 646 мың сомның ұтысын төледі. Сол сияқты, Октябрь ауданының сақтық кассасы 1953 жылдың алғашқы алты айында заем ұстаушыларға 231 мың сомның ұтысын төлесе, үстіміздегі жылдың бастапқы алты айында 466 мың сомның, ал, қаланың сақтық кассалары осындай уақыт ішінде 5920 мың сомның ұтысын төледі.

Бұлардың көпшілігі өткен жылғыға қарағанда 50, 25, 10 және 5 мың сомдық ірі ұтыстар.

Мемлекеттік заемдардың облигациясын ұстаушыларға өткен 1953 жылмен салыстырғанда үстіміздегі 1954 жылы Преснов, Ленин, Совет, Мамлют, Полудень, Приишім және басқа аудандардың сақтық кассалары да жүздеген мың сомның ұтыстарын артық төледі.

В. ДАМАСКИН.

Олар колхозға

Полудень ауданының мектептері жаңа оқу жылына әзір емес

1954- 55 оқу жылы өткен жылдармен салыстырғанда ерекше аса жауапты жыл болмақ. Бұл —облыс орталықтары, өнеркәсіп орталықтары және басқа жерлерде жалпай онжылдық білім алуға көшудің екінші жылы. Сонымен қатар, алдағы оқу жылы облысымызда тың жерлерді игеруге байланысты көптеген жаңа мектептер ашылмақ. Бұл мектептер оқушы балалармен қатар ересек жастарды да оқыту үшін күндіз және кешке жұмыс істемекші. Осындай зор міндеттер облыстың, аудандардың басшыларына және оқу ағарту майданының барлық қызметкерлеріне зор жауапкершіліктер жүктейтіні даусыз.

Қойылып отырған жаңа талаптарды ойдағыдай және неғұрлым тез орындау үшін аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері алдымен кәзіргі қолда бар мектептерді жаңа оқу жылына мұқият әзірлеу ісінің қарқынын өрістетуге жаңды басшылық жасауға тиіс. Бұл жөнінде қажетті нұсқаулар мен мектеп үйлерін жөндеуге бөлінген ақша қаражаттары еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің бекіткен жоспары бойынша аудандарға март, апрель айларында- ақ берілген болатын. Облыстық оқу бөлімі мектеп үйлерін жөндеу үшін ақпалай қаражаттан тысқары әр ауданға 30- 35 текшеметр шамасында жоғары сортты құрылыс материалдарын берді. Бұған қосымша аудандық Совет атқомдері де бірталай құрылыс материалдарын бөлген болатын.

Алайда, жоғарыда айтылғандай, халық ағарту қызметкерлеріне қойылып отырған зор міндеттер мен оларды орындау үшін тұғызылып отырған қолайлы жағдайларға қарамастан облысымыздың кейбір аудандарында мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысы өте төмен дәрежеде жүргізіліп отыр. Мәселен, Полудень ауданының мектептері кәзіргі уақытта жаңа оқу жылына мүлдем әзір емес. Ал, көптеген мектептерде ең болмаса мектеп үйлерін жөндеу жұмысы да қолға алынған жоқ. Белгіленген жоспар бойынша бұл аудандағы барлық бастауыш мектептер май айында, жетіжылдық мектептер июнь айының 5-іне дейін, ал онжылдық мектептер июньнің 20-нан қалмай негізінен жөнделіп бітуге тиісті еді. Сәйтіп, бұл мектептерде күзгі сынға қалған немесе қосымша тапсырмалар алған оқушылармен жұмыс жүргізіліп, август айында барлық тапсырылмаған сабақтардан емтихан алуды аяқтау қажет болатын. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін мектеп оқытушыларының кезектестірілген тәртіппен демалысқа шығуы қажетті.

Ал, аталған ауданда күні бүгінге дейін аудан мектептерінің тек жартысындайы ғана жөндеуден өткен. Аудан мектептерінің бірде- бірінде күзгі сынға қалдырылған оқушылармен ешбір жұмыс жүргізілмей келеді. Ал, мектептердің жанындағы биологиялық тәжрибе участоктері күтусіз қалғандықтан көп жерлерде оларды

нынан быйылғы жылы бірнеше қосымша бөлмелер салынуға тиіс еді. Бірақ, бұл жұмыс осы уақытқа дейін қолға алынған да жоқ. Керек десе, құрылысқа қажетті бөренє, цемент, шифер сияқты құрылыс материалдары да әзірленбеген. Мектеп директоры Смолин жолдас кәзір аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің қызметін атқарып жүрмін деген сылтаумен, мектепті жаңа оқу жылына дайындау жұмыстарына басшылық жасаудан қол үзген.

Алдағы жаңа оқу жылында орта мектеп ашылуға тиісті Бугровое селосындағы жағдай да мәз емес. Мұнда құрылысқа қажетті материалдар толық жеткілікті бола тұрса да, ағаш шеберлерінің жоқтығынан құрылыс жұмыстары қолға алынбай отыр. Ал, іс жүзінде мұндағы мектеп үйінің жанынан төрт бөлме салынуға тиіс еді. Жаңадан ашылған Аманкелді жетіжылдық мектебінің үйін күрделі жөндеуден өткізу жұмысының қарқыны мүлдем баяу. Бұл мектеп үйі кәзіргі «қарқынға» қарағанда 1 сентябрьге дейін дайын болар емес.

Ол- олма, ауданның көптеген мектептерінде жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары осы уақытқа дейін мүлдем қолға да алынбаған. Мәселен, аудан орталығынан 12 километр жердегі Скворцовка жетіжылдық мектебі оқу жылы аяқталған кездегі қалпында тұр. Бұл мектептің ең болмаса іші де жыйналмаған. Мектеп үйінің ішкі қабырғаларының балшығы опырылып, кейбір есіктері бұсағасымен қоса құлап қаларлық жағдай да. Ал, мектеп үйінің есік-терезесі үнемі жабық тұрғандықтан класс бөлмелері дымқылданып кеткен. Мектеп жанындағы тәжрибе участогіне күтім жасалмайды. Осы жағдайды көре тұра аудандық оқу бөлімі мектеп директоры Тутеновтың мектеп үйін иесіз қалдыруына көрінекөзге жол берген.

Сергеевка жетіжылдық мектебіндегі жағдай бұдан да нашар. Мектеп директоры Шкапенко демалыс алып, сырттан оқуға жүріп кеткен. Ал, мектепте директордың міндетін атқаруға ешкім қалдырылмаған.

Аудан мектептері жаңа оқу жылына тек материалдық жағынан ғана емес, мұғалім кадрлармен қамтамасыз етілу жағынан да әзір емес. Ауданда бар мұғалім кадрларын іріктеу, орналастыру ісі де тығыңақты жүргізілмей келеді. Соның салдарынан жаңа оқу жылына аз уақыт қалғанына қарамастан Николаевка, Ново-Георгиевка, Метлишино, Ново- Никольск, Ганькина жетіжылдық мектептеріне әлі күнге дейін директор тағайындалмаған.

Жергілікті партия және совет ұйымдары мектептерді жаңа оқу жылына толық әзірлеу ісіне көңіл бөлмей отыр. Аудан басшылары шаруашылық жұмыстарға баса назар аударып, коммунистік қоғамның болашақ құрылысшылары —жас ұрпақтарды тәрбиелейтін мектеп сияқты идеологиялық жұмыстың маңызды участогіне басшылық етуді өз назарларынан

мия комбинатының және басқаларының жұмыстылары мен қызметшілері салуда.

Қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жеке үйлерді еңбекшілердің өздері салса, сол сияқты мемлекеттік кәсіпорындары лушы еңбекшілер үшін бірнеше миллион сомның түрлі материалдарын жөнелтті.

Алайда, жеке үй салу саласында бірқатар жетістіктермен қатар, елеулі кемшіліктер де бар. Әлі күнге дейін кейбір кізу қажет.

А. НИКОЛАЕВ,
СССР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің қала шаруашылығы бөлімі бастығының орынбасары.

Астық тазалайтын мыңдаған машиналар колхоз қырмандарында

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Орталық Қазақстанда бітік егін пісіп келеді. Егін жыйнауға әзірлене отырып, колхоздар қырмандарға ерекше көңіл бөлуде. Тельман ауданының ауылшаруашылық артельдері теңжалар мен сортировкалардан электр моторының немесе двигательдің күшімен жұмыс істейтін астық тазалайтын агрегат дайындады. Астық тазалау үшін, сол сияқты, сүрленетін мал азығын турағыштарды қайта жабдықтау үйғарылды. Облыстың көптеген колхоздары Қарқаралы МТС-нің комбайншысы Финк жолдастың конструкциясы бойынша дайындалған автоматты таразымен жабдықтауда. Осакаровка ауданында астық тазалау «Коммунар» комбайнының көмегімен механикаландырылуда. Қарағандының, Балқаштың, Теміртаудың өнеркәсіп орындары қамқорлыққа алған колхоздар үшін 150 астық пульттерін дайындады.

Быйыл колхоз қырмандарында мыңға жуық астық тазалағыш машиналар орнатылады. Орталық қырмандарда астықты тазарту, тиеу және өлшеу толық механикаландырылады. Механикаландырылған қырмандардың саны өткен жылғымен салыстырғанда екі жарым есе артады.

Үстіміздегі жылы Қызыл Қазақстан жетіжылдық мектебінің оқушылары (Коюхов ауданы) жазғы кластан- класқа көшу емтиханын ойдағыдай аяқтағаннан кейін колхоздарға көмекке келді. Олардың бірі- азы «Жаңа тұрмыс» колхозының екінші бригадасында мал қорасын салысуда әсересе, К. Есқазин, Н. Теміргалиев және О. Ілиясов сияқты оқушылар өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түсіп, колхозшылардың қошеметіне бөленуде.

М. САДУАҚАСОВ.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР САЛЫНУДА

Октябрь ауданының «Заря коммунизма» колхозының 10 колхозшысы көктемгі егіс аяқталысымен өздеріне тұрғын үйлер салуға кірісті. Жаңадан үй салушы колхозшыларды басқарма көлікпен, құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуде.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

арамшөп басып кеткен.

Бұл ауданда 29 бастауыш, 15 жетіжылдық, 2 орта мектеп бар. Бұлардың осы уақытқа дейін тек қана 20-дан астамы жөндеу жұмыстарынан өткізілген. Оның үстіне осы мектептердің өзінде жөндеу жұмыстарының сапасы нашар. Мәселен, бұл мектептердің көпшілігінде дайындалған отын мектеп үйі жанына тасылып алынбаған, әк жоқ деген сылтаумен мектеп бөлмелері ағартылмаған. Ал, стол, парта, тақта сияқты класс мебельдері осы уақытқа дейін жеткілікті емес. Рас, ауданда жаңа оқу жылына ойдағыдай дайындалған мектептер жоқ емес. Олардың қатарына Тоқшын орта мектебі, Фурманов жетіжылдық мектебін қосуға болады. Бірақ, мұндай мектептер бұл ауданда өте аз.

Әсресе, күрделі жөндеуден өтуге тиісті мектеп үйлерінің жаңа жылға дайындығы мүлде нашар. Мәселен, аудан орталығындағы Полудень орта мектебінің жа-

рының бірде- бірі жергілікті жерлерге барғанда мектептің дайындық жұмыстарымен мүлде таныспайды.

Облыстық оқу бөлімі де бұл ауданның мектептерін жаңа оқу жылына дайындауға нақтылы көмек көрсете алмай келеді. Керек десе, осы уақытқа дейін мұнда аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі де тағайындалған жоқ. Тек өткен оқу жылынан бері қарай бұл ауданда оқу бөлімінің үш меңгерушісі ауысып, кәзір төртінші адам бұл міндетті уақытша атқарып жүр. Бұл жағдай да мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуге керісінше әсер етпей отырған жоқ.

Жаңа оқу жылы басталуға көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан да Полудень ауданының басшылары мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарының қарқынын шұғыл өрістетуге тиіс.

Е. ЖҰБАНОВ,
Облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

Алматы ауданы, Мичурин атындағы колхоздың малды лагерьлеп, қолда бағу жоспары

Сауын мал шаруашылығын өркендету, оны социалистік ауыл шаруашылығының мол табысты саласына айналдыру ісінде Мичурин атындағы колхоздың мүшелері соңғы 2-3 жылдың ішінде көп жұмыстар істей алды. Олар сыйыр малының санын көбейту жоспарын едәуір асыра орындады. Одан әртүрлі өнімдерді мемлекетке мерзімінен бұрын тапсырды, маусымда әрбір сауын сыйырдан 2600 килограмм сүт алып, әрбір сауын сыйырдан сүт сауудың бесжылдықтың аяғында белгіленген тапсырмасын асыра орындады.

Солай бола тұрса да колхоздың мал шаруашылығының қызметкерлері бұл табыстар елеулі болғанымен де, мұны аз өнімді қоғамдық мал шаруашылығынан, мол өнімді мал шаруашылығына көшудің тек бастамасы, алғашқы қадамы деп есептеуде. Оның онан әрі өркендей түсуі түгелімен малды қолда баққанда, сол сияқты, жайып баққанда азықтандыру, күту және бағу жұмыстарының қалай ұйымдастырылғанына байланысты.

Академик Трофим Денисович Лысенко: «Қолда өсірілетін малдың өнімділігін арттырудың, өсірілетін мал тұқымын жетілдірудің және жаңа мал тұқымын шығарудың негізі азықтандыру және күтіп- бағу жағдайлары болып табылады», деп атап көрсетті. Бұған колхозшылардың өз малын өсіру мысалынан көзі жетті. Бұған дейін колхозшылар жылдың әр маусымында әртүрлі —кейде мол, кейде аз өнім алып келді. Малдың салмағы да түрліше болды. Мұның бәрі де азықтандыруға, күтуге және бағуға байланысты болды.

Мал шаруашылығын ғылымның нұсқаулары бойынша қаншалықты дұрыс және жақсы ұйымдастырса, колхоздың еңбеккүнді аз жұмсап, мал шаруашылығынан табысты соншалықты көп алуына болатындығына да колхозшылардың көзі жетті.

Малды жаңа лагерьлеп, жайып- бағудың мал шаруашылығын жедел өркендетудің өте- мөте тиімді әдісі ретіндегі ерекше маңызды ролін ескере отырып, колхоздың басқармасы быйылғы жайылым маусымын — 1 майдан бастап 1 ноябрьге дейін арнаулы жасалған жоспар бойынша өткізуді ұйғарды. Осы іс жөнінідегі өткен жылдарда жыйнақталған тәжрибеге сүйене отырып, мұнда бірнеше ұйымдастырушылық- шаруашылық және зоотехникалық шаралар жүзеге асырылады. Осы кәмплекстегі шаралардың ең бастысының бірі —көк шөп конвейерінің малазықтық ауыспалы егісін игеру және малазықтық табиғи жайылымдарды жақсарту жолы мен берік жемшөп базасын жасау болып табылады. Осыған байланысты артельде малды азықтандыруды мұлтіксіз етіп ұйымдастыруға, мал шаруашылығындағы және жемшөп өндірудегі еңбек көп кететін жұмыстарды механикаландыруға, жазғы лагерьлерді салуға, малдың өнімділік және асыл тұқымдық сапасын жақсартуға зор маңыз беріледі.

Мичурин атындағы колхозда малазықтық егістермен қатар малазықтық ауыспалы егіс және көк шөп конвейері игерілген. Егістік далада беде, біржылдық астықтұқымдас және бұршақты дақылдар, жүгері, қабақчи, асқабақ және мал азығындық қызылша өсіріледі. Мұнымен бірге табиғи шабындық пен жайылымдарды жақсарту— бұталар мен тастардан тазарту, қосымша көпжылдық шөп егу, тырмалау жөнінде зор жұмыстар жүргізілді. Колхоз пішеннен жылдан-жылға мол өнім алып келеді. Орташа шөп түсімі әр гектарына (жылына қарай) 25 центнерден 30 центнерге дейін болды.

Мұнда жемшөптік дақылдар өсіру, пішен және сүрленген шөп дайындау ісімен жемшөп өндіруші бригада шұғылданады. Малазықтық ауыспалы егісте және көкшөп конвейерінде белгілі бір дақылды өндіруге бригадаланып

колхоздың ғылым мен озат тәжрибе табыстарын өндіріске енгізу, мол өнім алуға жету жұмыстарын жақсы ұйымдастыруына мүмкіндік берді.

Аталған мерзімнің ішінде жайылымдардағы шөптерді әрбір түлік үшін жақсы пайдалану мақсаты көзделіпті, барлық жайылымдар бірнеше участокке бөлінген, ал участоктер —жеке өрістерге бөлініп, оларды пайдалану мерзімдері белгіленген. Қоғамдық мал жеке меншікті малдан бөлек бағылады. Қоғамдық мал 6 топқа бөлінген. Бірінші топқа барлық сыйырлар, тұмшалар және бір жастан асқан төлдер енеді, екінші топқа —бір жасқа дейінгі төлдер, үшінші топқа —барлық жастағы қой, онан соң —торайларымен, бірге мегежіндер, барлық жастағы жылқы және құс енеді.

Малдың әрбір тобына белгілі бір жайылым бекітіліп берілген. Мысалы № 1 участок сыйыр малына бөлінген. Әрбір участоктегі шөптің биіктігі 12—16 сантиметрге жеткенде оған мал жайылымға жіберіледі. Барлық жастағы қой, қырдағы және құрғақ № 2 участокке жайылымға шығарылады. Құстар үшін орталық усадьбаның жанындағы жер пайдаланылады. Күздік және жаздық егін жыйналысы мен-ақ күні бойы ақыздарға шығарылады. Мұндағы көзделінетін мақсат— құстар зыянды жәндіктерді, арам шөптердің тұқымын жояды және егінді жыйнаған кезде үгіліп түскен дәндерді теріп жейді.

Малды участокке және өрістерге жайған кезде зоотехникалық және мал дәрігерлік қызметкерлер шөп шығымы жағдайларын үнемі бақылап, байқап жүреді. Жайылым шөбінің бір жолата таптальп, тықырланып кетуіне жол бермеуді қадағалау —олардың міндеті болып табылады. Шөбі оншалықты бағалы емес, мал аз жейтін жайылымдардың шөбінің үгілшөпке ұнтақталған түз шашу әдісін қолдану ұйғарылды.

Мал тікелей жайылым участоктерінде, көбінесе өзендерден суарылады. Суатқа баратын жолдар тазартылып, әрдайым жақсы жағдайда күтіп ұсталынады.

Еңбек және оған еңбекақы төлеу қалай ұйымдастырылған? Малды жаю кезінде оны бағу үшін ферма бастығы және зоотехникалық қызметкерлер басқарған 85 адамнан бригада құрылды. Бригадаға сауыншылар, бұзаушылар, шопандар, құс өсірушілер, бақташылар, күзетшілер бөлінді.

Малды жаю маусымында мынадай қызмет атқару және еңбекке кесімді ақы төлеу тәртібі бекітілді. Сауыншыларға 12 сыйыр және тұмша, бұзаушыларға— 50 бұзау, шопандарға —140 бас мал, шошқа өсірушілерге —40 шошқа, жылқышыларға —46 жылқы, бақташыларға —80 бас мал, құс өсірушілерге —250 құс бекітіліп берілген.

Еңбекақы алынған өнімге қарай кесімді ақы бойынша төленеді. Мысалы, сауыншыларға сауын алған әрбір 100 килограмм сүтке —1,8 еңбеккүн жазылады. Жоспардан тыс сауылған әрбір 100 килограмм сүт үшін де 1,8 килограмм еңбеккүн жазылады, бұған қоса қосымша өнім төленеді. Бұзау алып, оны салмағы кемінде 12-15 килограмға жеткенге дейін 20 күн аман өсіргені үшін 15 еңбеккүн жазылады.

Бұзаушыларға норма бойынша 25 бұзау бекітіліп берілгенде, алты айға дейін қосымша 100 килограмм салмақ қосқанда, соның есебінен 13 еңбеккүн жазылады, ал алты айдан кейін 0,5 еңбеккүн есептелінеді. Мал шаруашылығының басқа қызметкерлеріне де кесімді ақы төлеу белгіленген.

Әрбір мал фермасына лайықталып зоотехникалық талаптарға сәйкес өздерінің жұмыс тәртібі жасалынып бекітілген.

Мысалы, сыйыр малы үшін мынадай жұмыс тәртібі бекітілген:

1. Малды күндіз жайып баққанда (көктемде және күзде): таңертеңгі сағат 5-тен 7-ге дейін сыйырларды базда таңертен сауу, сағат 7-ден 12-ге дейін

Сағат 12-ден 13 сағат 30 минутқа дейін сыйырларды түсте сауу, қосымша азық беру және суару. 13 сағат 30 минуттан 19 сағатқа дейін— жаю және екінші— үшінші рет суару. 19 сағаттан 21 сағатқа дейін— кешкі сауу, қосымша азық беру және суару. Жас бұзаулаған сыйырлар 20 күнге дейін күніне 5-6 рет сауылады және бұл мерзімде жеке жұмыс тәртібі бойынша күтіледі.

2. Күндіз түні бірдей жайып баққанда: таңертеңгі сағат 4-тен 5 сағат 30 минутқа дейін —таңертеңгі сауу, қосымша азық беру және суару. 5 сағат 30 минуттан 12 сағатқа дейін —жаю және үшінші-төртінші рет суару. 12 сағаттан 14 сағатқа дейін түскі сауу және қосымша азық беру және суару. 14 сағаттан 20 сағатқа дейін —жаю және үшінші-төртінші рет суару. 20 сағаттан 21 сағат 30 минутқа дейін— жайылымда кешкі сауу, қосымша азық беру және суару. 21 сағат 30 минуттан таңертеңгі сағат 4-ке дейін —түнде жаю және сауар алдында суару.

Малды үстемелеп бордақылап, жақсы семірту үшін жайылымда жаюға қосымша малға үстеме азық ретінде көмір тектері аса мол (жүгері, картоп), протеині көп (беде, аралас сыйыр жоңышқа—сұлы) көк шөп және балғын азық беріледі, бұлардың бәрі сүттің майлылығының артуына көмектеседі. Сауын сыйыр гуртында сүттің майлылығы орта есеппен әрбір сауын сыйыр бойынша 3,6 процеттен 3,9—4 процентке дейін артты.

Мичурин атындағы колхоз сыйыр малын және басқа малдарды лагерьлеп жайып бағуға көшіріп, соңғы үш жылда бүкіл сауын маусымында біркелкі мол сүт алып келеді және малдың салмағын жоспардан тыс арттыруда. Мұнда қысқы алты айдың ішінде жылдық алынған сүттің 47-48 проценті сауылды.

Колхоздың жазғы лагері сыйырларға арналып төбесі екі қатарлап жабылған бір қабырғалы жапна түрінде жасалынған. Онда оттықтар жабдықталған. Өжірелер ағаштан жасалып, аралықтарына цемент төселген. Ла-

марқа бұзаулар тобы тұратын клеткалы профилакторий бар. Көк шөп конвейері лагерьдің жанынан жазғы жайылым территориясында жасалынған.

Ересек төлдер төбесі екі қатарлап және бір қатарлап жабылған ,оттықтары бар жапналарға орналастырылған. Лагерь теңіз бетінен 1.400-1.500 метр биіктікте орналасқан. Жел болып тұратын таулы жерде мұндай лагерь —жапна ашық лагер-жапнадан қолайлырақ болып шықты.

Колхоздың басқармасы әрбір сауыншыға арнап жеке-жеке бүкіл жаз бойына сүт алудың нақты жоспарын бекітті. Табиғи ерекшелік қасиеттерін анықтау және сыйырдың сүттілігін арттыру мақсаты көзделіпті әрбір сыйырдың өнімділігін, қондылығын, сауын маусымын, тірі салмағын және әртүрлі мал азықтарын сүйсінін жеуін есепке ала отырып, әрбір сыйырды бүкіл жаз бойына даралап азықтандыру ұйымдастырылатын болады.

Сүттің сапалылығын анықтау үшін айына бір рет әрбір сауын сыйырдың сүтінің майлылығы жеке- жеке айқындау және күніне бір рет бүкіл гурттың сүтінің майлылығының орта мөлшерін анықтау ұйғарылды. Сүтті шаруашылық бұдан былай мемлекетке майлылығын кемінде 3,9 процент етіп өткізетін болады.

Мұнымен қатар шағылыстыруды өткізу мерзімі және жазда тек таза асыл тұқымды малмен қолдан ұрықтандыру белгіленді.

Малды лагерьлеп жайып—бағу барлық мал түлігінің өнімділігін шұғыл арттыруға бағытталған система ретінде өзін толық ақтады. Колхоз басқармасы мал шаруашылығы жөнінде белгіленген жоспардың орындалуы туралы жарыстың қорытындысын ай сайын шығарып тұруға, Құрмет тақтасын және Көрсеткіштер тақтасын ұйымдастыруға қаулы етті.

Мал шаруашылығы қызметкерлері арасында үгіт -бұқаралық жұмыс жүргізу үшін колхоз партия ұйымы үгітшілер бөлді, олар негізгі жұмысты атқарумен қатар қол жеткен табыстарды қорытуға және малды лагерьлеп жайып бағуға қажетті барлық мүмкіндіктерді пайдалануға

Совет—Ливия сауда қатынастары

БЕЙРУТ, 14 июль. (СОТА). Ливия парламенті кеше Совет—Ливия сауда және төлем келісімін бекітті, бұл келісімге үстіміздегі жылғы 30 апрельде Бейрутта қол қойылған болатын. Жарыссөзде депутат Эмиль Бустани сөз сөйлеп, үкметті мұндай келісімнің жасалуымен құттықтады және Совет Одағы өз міндеттемелерін әрдайым дәл орындайтын мемлекет болып табылады, деп атап айтты.

АҒЫЛШЫН ЖАСТАР ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА БАРҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 15 июль. (СОТА). Англияның әртүрлі діни, саяси және кәсіподақ ұйымдарының өкілдерінен құрылған ағылшын жастарының делегациясы Қытай Халық Республикасына барған сапарынан қайтып келгеннен кейін кеше Лондонда баспасөз конференциясын өткізді. Делегацияның мәлімдемесінде былай делінген: делегацияның мүшелері Қытайдың «барлық жерінде де жылы шыраймен қарсы алыңды», ал «қытайлықтардың ізгі тілектестігі, кеңпейілділігі және шыныиетті достығы оларға зор әсер етті. Біз бұл елде оның халықтық үкметінің басшылығымен өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және мәдениеттің орасан зор көлемде өркендеп отырғанын көрсететін айғақтарды Пекинде, Нанкинде, Шанхайда және басқа қалаларда айқын көрдік».

Мәлімдемеде делегацияның бұл сапары «Англия мен Қытай арасында анағұрлым тығыз байланыстар орнатылуға жол ашады» деген үміт білдірілген.

Делегацияның мүшелері Қытайдағы өнеркәсін және мәдениет құрылысының зор көлемде өрістетіліп отырғаны туралы айтып, баспасөз өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

ҮШ БАТЫС ДЕРЖАВАНЫҢ ПАРИЖДЕГІ СЫҢАРЖАҚТЫ КЕЛІССӨЗДЕРІ

ПАРИЖ, 14 июль. (СОТА). Кеше кешке мұнда Францияның премьер- министрі және сыртқы істер министрі Мендес-Франс тың, Великобританияның сыртқы істер министрі А. Иденнің және Парижге әдейі келген, АҚШ мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллестің арасында сыңаржақты келіссөздер басталған. Келіссөздер түннің ортасына дейін созылған. Бүгін үш министрдің тағы да екі кездесуі болған, бұл кездесулер, сірә, бұрын белгіленбесе керек.

Бүгін келіссөздер аяқталғаннан кейін Франс Пресс агенттігі хабар таратты, бұл хабарда келіссөздер толығымен Индо-Қытай туралы мәселеге және АҚШ-тың бұл мәселедегі позициясын баяндауға арналды- мыс делінген, ал Индо- Қытай туралы мәселеніц сыртқы істер министрлерінің кәзіргі Женева кеңесінде талқыланып

Сыртқы саясат мәселелері жөнінде ағылшын қауымдар палатасындағы жарыссөз

Эттлидің сөз сөйлеуі

ЛОНДОН, 15 июль. (СОТА). Лейбористік партияның парламенттік фракциясының басшысы Эттли сыртқы саясат мәселелері жөнінде кеше қауымдар палатасында жарыссөз бастап, американ саясатының әртүрлі белгілерін сынаған.

Пресс Ассойшиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, премьер- министр Черчилльдің Вашингтонға барған сапары туралы 12 июльде жасаған мәлімдемесіне тоқтай келіп, Эттли былай деген: «Біздің саясатымыздың басты уәжі — Біріккен Ұлттар Ұйымы. Бірақ Құрама Штаттарда, сірә, өте ықпалды топ бар көрінеді, бұл топтың БҰҰ-ға көбінесе идеологиялық соғыстың құралы деп қарап отырғаны айқын».

Эттли бұдан кейін өзінің коммунизмге қарсы екенін, бірақ «бейбітшілікпен қатар өмір сүруге» сенетінін айтқан.

Эттли Фостер Даллес пен Беделл Смиттің Женева кеңесінен кетіп қалғанын қынжылуға болатын факті деп санаған.

«Егер біз, —деген Эттли бұдан кейін, —Индо- Қытайда соғыс қыймылдарын тоқтатуға немесе уақытша бітімге жеткен күнде де, дегенмен Корея туралы өте қыйын мәселенің әлі де шешілмей қалатынын біз мойындауға тиіспіз. Менің ойымша, бұл мәселені реттеу Қытайдың Хауіпсіздік Советіндегі орнын беру проблемасымен және Формоза проблемасымен бүтіндей байланысты. Оппозиция Қытайдың БҰҰ-ға енгізілмеуін теріс, ақылға сыймайтын және Біріккен Ұлттардың принциптеріне қайшы келетін әрекет деп санайды.

Кейбір қызу қандылар бар— олардың аз екеніне сенемін — олар коммунистік Қытайға қарсы соғыс туралы және Чан Кайшиді өкмет басына қайта қою туралы әлі де ойлап отыр. Мен былай деп санаймын: бұл соғыс жағынан алғанда — ақмақтық, ал саяси жағынан алғанда—мұның өзі тарихтың сабақтарын елемегендік болып табылады».

Европаға тоқтай келіп, Эттли былай деп мәлімдеген: «егер кейбір мемлекеттер европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорға қол қоймаған күнде, оларға американ көмегін беру тоқтатылсын деген ұсыныс бар; бірақ оппозиция европалық мемлекеттерге күш көрсету әрекетіне де, сонымен қатар финанс жағынан қысым жасауға да қарсы шығады».

Эттлидің Гватемалаға қарсы агрессия туралы мәлімдемесін лейбористік депутаттар мақұлдаған дауыстармен қарсы алған. Эттли былай деген: «Мұның агрессия екені мүлде айқын. Азиядағы агрессия жөнінде бір позиция, ал Орталық Амери-

сөздерді кешеуілдете беруде мағына жоқ екеніне толық сенемін».

Черчилльдің сөз сөйлеуі

ЛОНДОН, 15 июль. (СОТА). Клемент Эттлидің сөзіне жауап бере келіп, Англияның премьер-министрі Черчилль Қытай Халық Республикасына БҰҰ-дағы орнын беру жайында өзінің 12 июльде қауымдар палатасында баяндалған көзқарасын тағы да қайталап айтқан.

Эттлидің Черчилль мен Г. М. Маленков арасындағы кездесу жайындағы ұсынысына жауап бере келіп, Черчилль өзінің осы тақырыпта бұдан бұрын айтқандарына қосатын ештеңесі жоқ екенін айтқан.

Черчилль, европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорды Францияның бекітуіне, немесе бекітпеуіне қарамастан, Батыс Германияны қайта қаруландыруды жақтаған.

Черчилль сөзінің соңында былай деп мәлімдеген:

Ағылшын және американ үкметтері мынадай қорытындыға келді: егер европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор бекітілмесе, олар Бонн келісімін европалық қорғаныс бірлестігін құру туралы договордан бөліп алып, өз мақсаттарына тезірек жетеді. Егер мүмкін болса, мұның өзі бұл келісімдерге қол қойған державалардың ризалығымен істелуге тиіс.

* * *

ЛОНДОН, 15 июль. (СОТА). Пресс Ассошиэйшн агенттігінің хабарына қарағанда, лейбористка Барбара Касл қауымдар палатасында сыртқы саясат мәселелері жөніндегі жарыссөзде сөйлеп, өзінің айтқанындай, Черчилльдің «Қытайды БҰҰ-ға енгізу жөніндегі ағылшын саясатынан тайғанына» наразылық білдірген.

Касл сонымен қатар үкметтің Франция жөніндегі саясатын да сынаған. Ол былай деген: «Черчилльдің ...соңғы апталарда жүргізілін отырған Францияны қорғыту науқанына қосылғанына тіпті де жол беруге болмайды. Ал Франсияға қысым жасалып отыр; мұның өзі бізбен соншалық көп дәнекерлермен байланысты болып келген осындай көптен бергі одақтасымыз жөнінде жол беруге мүлде болмайтын көзқарас болып табылады». Россиямен келіспейінше, герман проблемасын шешуге болмайтынын, —деген Касл бұдан кейін, —мұны француздардың әлдеқашан түсінгені сияқты, кәзір жұрттың бәрі түсінін отырғанында күмән жоқ. Кәзіргі туған жағдай төрт державаның Германия жөніндегі жаңа кеңесін өткізу қажеттігін мейлінше күшті талап етеді.

Лейборист Джон Стрэчи Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіруді талап еткен. «Мұның өзі бүкіл адамзат үшін қажет,—

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ЛОНДОН, 17 июль. (СОТА). Шотландияда болып өткен құрылыс жұмысшыларының біріккен кәсіподағының жыл сайын болып тұратын конференциясында Батыс Германияны ремилитарландыруды айыптайтын қарар басым көпшілік даусыпен қабылданған. Қарар сол сыяқты, «Европа мен Азияда бейбітшілік пактісін жасау үшін ұлы державалар өкілдерінің палатасын» ұйымдастыруға шақырған.

Лейбористік партияның 40 жылдан бергі мүшесі Поули лейбористік партияның оңшыл басшылығын Батыс Германияны қаруландыру саясатын жақтап отырғандығы үшін сынаған. Поули былай деп мәлімдеген: АҚШ-тың саясатын қайталау Англияны апатқа ұрындырады.

Конференцияда сол сыяқты, бірқатар қарарлар: «экономикалық талаптар үшін күрестің жалпы программасы» жөнінде келісімге жету үшін Бүкіл дүниежүзілік кәсіподақ федерациясымен «Еркін кәсіподақтардың халықаралық конференциясы» арасында келіссөздер жүргізуге шақырған қарар; кәсіподақ ұйымдарының өзара пікір алысуының үлкен маңызын атап көрсететін қарар; сутегі бомбасына тыйым салуға шақырған қарар және отар елдер халықтарының күресін қолдауды білдіретін қарар бірауыздан қабылданды.

ГДР-ДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ ЖАЙЫНДА

БЕРЛИН, 17 июль. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының орынбасары, уақытша елші Б.П. Мирошниченкоға мына мазмұнда хат жолдады:

«Совет азаматтары, Германиядағы совет әскерлерінің офицерлері мен солдаттары Герман Демократиялық Республикасы халықтарына Герман Демократиялық Республикасының оңтүстік белегіндегі су тасқынына қарсы күресте зор және туысқандық көмек көрсетті.

Егер мемлекеттік органдар, неміс халық полициясының бөлімдері, сол сыяқты, ГДР еңбекшілері хауіпті дәрежезінде жойып, шеккен зияндардың көлемін өте аз мөлшерде жеткізген болса, біз бұл үшін ең алдымен ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссарының органдарына және Совет Армиясы бөлімдерінің жанқиярлық қыймылдарына борыштымыз.

Герман Демократиялық Республикасының халқы көмек көрсетуге қатнасқан барлық совет адамдарына алғыс айтады. Олар бұл көмекті біздің халықтарымыздың байланысын нығайтатын берік және мызғымас достықтың айқын белгісі, Совет Одағының неміс халқына деген достығының жаңа айғағы болып табылады деп түсінеді.

Маған Герман Халық Демократиялық Республикасының үкметі атынан және халық атынан Сізге, сол сыяқты, барлық совет азаматтары мен солдаттарына олардың қалтқысыз және шын жүректен берген көмегі үшін зор алғыс айтуыма рұқсат етіңіз.

Сонымен қатар бұл алғысты Герман

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

Жарыстың алтыншы күні

Жеңіл атлетшілердің жарысының қортынды күнінде жыйналғандардың назары 4х100 метрге эстафеталық жүгіруге аударылды. Астананың спорт коллективтері екі команда шығарды. Олардың арасында бірінші орын алу үшін қызу күрес басталды. Командалардың құрамында Қазақстанның ең күшті жүгірімпаздары. Бірінші кезеңде екінші команданың жүгірімпазы үтты. Екінші 100 метрлік жерді Рыбин жақсы жүгіріп өтіп, өзінің коллективін алға шығарды. Оның жеңісін Бескровнов пен Григорап дамыта түсті. Бірінші команда жақсы нәтижемен 3,9 секундта финишке келді. Әйелдер эстафетасында эстафета таяқшасын құрамында Еременко, Побежимова Дмитриева және Сахницская бар Алматы командасы бәрінен де тез (51,2 секундта) ұстап өтті. Екінші орынға Солтүстік Қазақстан облысының спортшылары шықты.

Лақтыру секторында Орта Азия республикаларының және Қазақстанның чемпионы алматылық Штода. Ол лақтырған балға шаншаң көтеріліп, футбол даласының ортасына барып түсті. Судья 50 метр 53 сантиметр деп есеп ашты. Лақтырушылардан бұдан басқа ешкім жақсы нәтижеге жете алмады.

Кешке 10 мың метрге жүгіруішілерге қатысушыларға старт берілді. Спортшылар бірінен соң бірі 20-ға жуық айналымды жүгіріп өтті. Финиш сызығына Рябов (Алматы) бірінші болып келді. Екінші орынға Солтүстік қазақстандық Коновалов шықты. Сульялық коллегия жеңіл атлетика бойынша жарыстың программасын аяқталды деп жариялады. Бірінші орынды Алматы жеңіл атлетшілері коллективі жеңіп алды. Екінші орынға спартакиадаға жақсы дайындалған Солтүстік Қазақстан облысының командасы шықты. Үшінші орында Шығыс Қазақстанның спортшылары, Қарағанды облысының жеңіл атлетшілері олардан бір ұпай ғана кейін қалды. Жеңіл атлетика бойынша бірінші орынның таблицасын бұдан кейін Жамбыл, Ақтөбе және Гурьев облыстарының командаларының көрсеткіштері толтырады.

«Спартак» стадионының волейбол, баскетбол алаңдарын көрушілер айнала қоршап алды. Мұнда алдын-ала ойындар басталды. Барлық командалар топтарға бөлінген Топтардың бір-бірімен кездесуінің нәтижелері баскетбол және волейбол бойынша Қазақстанның чемпионы атағын алу үшін финалдық жарыска қатысушыларды анықтайды.

Топ ойыншыларының қолында. Талдықорған облысының баскетболшылары ойындарының бөлдігімен өздерінің бәсекелестері Көкшетау спортшыларынан басымдылығын көрсетті. Ойын 43:10 есебімен талдықорғандықтардың пайдасына аяқталды. Көрші алаңда олардың жерлестері Талдықорған баскетболшыларының минуттарында бәсекелестерінің торына екі допты түсірген алматылықтар 52:50 есебімен Солтүстік Қазақстанның баскетболшыларын жеңді. Семей облысының ерлер командасы Көкшетау командасын, қызылордалықтар Гурьев баскетболшыларын, Шығыс Қазақстан спортшылары Оңтүстік Қазақстан облысының баскетболшыларын жеңіп шықты.

Алаңда Алматы және Қызылорда облысының баскетболшылары. Қызылорда спортшылары тәжрибелі бәсекелестерінен сәл осалырақ. Олар тор алдына өте сирек келіп, допты алыстан лақтырады. Мұндай лақтырулар көбіне босқа кетті. Алматылықтар алаңнан 102:18 есебімен жеңіспен кетті. Алайда, Қарағанды баскетболшылары торға допты бұдан да көп мөлшерде түсірді. Олар 132:12 есебімен Павлодар командасын жеңді. Бұл күні Солтүстік Қазақстан және Гурьев облыстарының баскетболшылары Жамбыл және Семей командаларымен кездесуде ұтылып қалды.

Қарағанды мен Семей облыстарының әйелдер волейбол командаларының кездесуі күшті тартыс жағдайында өтті. Алғашқы кезеңде қарағандылықтар басым есеп алды. Алайда, олардың бәсекелестері есепті теңеп, жеңіске жетті. Екінші кезеңде Семей спортшылары 15,8 есебімен ұтты. Ойын барған сайын қыза түсті. Қарағандылықтар үлкен жігер алып және жақсы физикалық дайындықпен шығып, үшінші, төртінші кезеңде жеңіске ие болды. Соңғы шешуші кезең басталды. Қарағанды волейболшылары бұрынғысынша басым күшпен ойнап, 8:0 есебімен жеңіске жетті. Алаң ауыстырылды. Қарағандылықтар тағы да алты доп ұтты. Оның бәсекелестері ойынды теңеуге тырысты. Есеп 14:1,14:,2 14:5 болды, бірақ, ойын бітуге жақын қалған еді. Ойын 15:5 есебімен Қарағанды командасының пайдасына шешілді. Бұл кездесудің жалпы есебі 3:2 болып аяқталды.

Батыс Қазақстанның волейболшылары өздерінің күшті бәсекелестері—алматылықтарға қарсы төтеп бере алмады. Бірінші кезең небары 5 минутке ғана созылды. 15:1 есебімен астана командасы жеңді. Екінші кезеңде батыс қазақстандықтар бұрынғыдан гөрі басым ойнады. Бірақ, олардың бәсекелестері де күшті ойнады. Есеп 15:8 болып астана спортшыларының пайдасына шешілді. Алматылықтар үшінші кезеңді ұтып, бұл жарыста өздеріне толық жеңісті қамтамасыз етті.

Волейбол ойыны бойынша алдын-ала болған жарыстың бірінші күнінің қорытындысында Оңтүстік Казакстан, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Семей облыстарының ерлер командалары, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматының волейболшылары жеңіліссіз келеді.

(ҚазТАГ).

жатқан мәселе екені жұртқа мәлім.

Хабарда сонымен қатар былай деп көрсетілген: Мендес- Франс, егер АҚШ-тың атынан «министр дәрежесіндегі қайраткер Женева кеңесіне қайтадан қатысқан болса», мұның өзі жақсы болар еді деген пікір білдірді, бұған Біріккен королдіктің сыртқы істер министрі Иден де қосылды.

АҚШ үкметінің мемлекеттік секретарьды немесе оның орынбасарын Женева кеңесіне жібермеуге ұйғарған бастапқы шешіміне қарамастан, мазмұндамада президент Эйзенхауэр мен Даллес «АҚШ мемлекеттік секретарының орынбасары генерал Уолтер Беделл Смитке таяудағы уақытта Женеваға қайтып баруды ұсынды» деп атап көрсетілген.

МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ПОЛЬ РОБСОНҒА ШЕТЕЛДІК ПАСПОРТ БЕРУДЕН БАСТАРТУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АНГЛИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР

ЛОНДОН, 14 июль. (СОТА). Поль Робсонның шақырған елдерге барып концерттер беру үшін Құрама Штаттардан Европаға шығуына американ өкмет орындарының рұқсат беруден бастартуы Шотландияда елеулі ашу-ыза туғызды. Шотландия кеншілері кәсіподағының атқару комитеті Робсонды кеншілерге арнап бірнеше концерт беруге шақырған және АҚШ үкметінен оған паспорт беруді бірнеше рет өтінген болатын.

Американың мемлекеттік департаментінің Робсонға шетелдік паспорт беруден бастартқанына тоқтай келіп, Шотландия кеншілері кәсіподағының председателі Э. Моффат «Дейли уоркердің» тілшісіне: «біз бостандыққа мұндай шек қоюшылыққа қарсы наразылық білдіреміз. Робсонды үн шығармауға көндіру қылмыс болып табылады» деп мәлімдеді.

Робсонның Шотландияға келуге шақырылуын Англия актерлерінің советі, белгілі ағылшын композиторы В. Ульямс және басқа көптеген актерлер мен музыкашылар қостады.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ПХЕНЬЯН, 14 июль. (СОТА). «Нодон синмун» газеті Оңтүстік Корея агенттіктерінің хабарына сүйеніп былай деп жазды: Оңтүстік Кореяның Оңтүстік Кенсан және Оңтүстік Чолла провинцияларының бірсыпыра аудандарында күшті су тасқыны болу салдарынан июньнің 28-нен июльдің 5-не дейін 617 үй құлаған, 1.222 үй су астында қалған. 38 көпір қыйраған, көлемді жердегі егіс өнімі жойылған. Көптеген адам өлген көрінеді. Оңтүстік Кореяның баспасөзі қатынастың үзілуі салдарынан зардап шеккен басқа аудандардан мәліметтер әлі алынған жоқ, деп хабарлады.

«Нодон синмун» былай деп жазған: жаңа соғыс авантюраларын өзірлеуге өте көп қаржы жұмсап отырған Ли Сын Ман үкметі су тасқынын болдырмауға бағытталған қандай да болса жұмысты көптеген жылдардан бері жүргізген жоқ, мұның салдарынан Оңтүстік Кореяда жазғы жаңбырлы кезде жыл сайын мыңдаған адам өледі немесе мүлкінен айрылады және күріш егісі жойылады.

ұстауға болмайды. Гватемаланың соңғылық көңілсіз әсер қалдырғанынан қорқамын, өйткені кейбір жағдайда коммунизмге деген өшпенділіктің Біріккен Ұлттар принциптерінен жоғары қойылып отырғаны шынында да айқын сыяқты».

Эттлидің сөзінше, «бүкіл цивилизацияға төнген хауіп» болып отырған сутегі бомбасы туралы айта келіп, ол былай деп мәлімдеген: «Премьер-министрдің бұл мәселені президентпен бірге талқылағанына мен сенемін. Мен былай деп санаймын: егер келіссөздер ұйымдастыру мүмкін болса, бұл мәселені Маленков мырзамен бірге талқылайтын уақыт жетті. Мен бұл келіс-

Американдарды, қуіндіреді, бірақ сіздер мұны байсалдылықпен, табандылықпен үнемі айта беретін болсаңыздар, олар бұған бірте- бірте көндігеді».

Оппозицияның атынан ец соңында Ф. Ноэль- Бэйкер сөз сөйлеген.

Сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министр Селвин Ллойд жарыссөздің қорытындысында үкметтің атынан сөз сөйлеп, Қытайдың БҰҰ-дағы праволарын қалпына келтіру жайындағы Черчиллдің позициясын қайталап айтқан.

Сыртқы саясат мәселелері жөніндегі жарыссөз осымен аяқталған.

Американ „ғалымдарының“ Индиядағы күдікті әрекеттері

ДЕЛИ, 15 июль. (СОТА). Құрама Штаттар Лакнау қаласында құрған «Бүкілиндиялық коммуникация зерттеу орталығы» дейтінде орналасып алған американ «ғалымдарының» күдікті әрекеттеріне байланысты Индия жұртшылығы абыржушылық білдіруде. «Нәйшнл геральд» газетінің атап көрсеткеніндей, осы «орталықтағы» көптеген американ «ғалымдары» іс жүзінде АҚШ тыңшылық қызметінің агенттері болып табылады.

Германиядағы стихиялық апат

БЕРЛИН, 15 июль. (СОТА). Су тасқыны салдарынан Баварияда (Батыс Германия) 50 мыңнан аса адам баспанасыз қалған. «Нейес Дейчланд» газетінің тілшісі су тасыған ауданнан былай деп хабарлаған: «тасыған былай судың ағынында үйлердің төбелері, үй ішінің жабдықтары, өлген мал, автомашиналар, астық қалқып жүр»...

Бавария ауыл шаруашылығы министрлігінің алдын ала шығарған есептері бойынша, 165 мың гектарға жуық жерді су басып кеткен. Зиянның мөлшері шамамен 500 миллион марка болады деп есептелуде.

Егер плотиналар мен дамбалар бірқалыпты жағдайда күтіліп ұсталған болса, деп жазған Гамбургтегі «Ди вельт» газеті, Баварияда су тасқынынан болған, осыншалық күшті апатқа едәуір дәрежеде жол бермеуге болатын еді. Дүнайдың көптеген сағаларында, деп атап көрсеткен газет, плотиналар мен дамбалар ондаған жылдардан бері жөнделмей келді. Газет сонымен қатар су тасқынына қарсы күрестің нашар ұйымдастырылғанына назар аударған.

Герман Демократиялық Республикасының стихиялық апатқа ұшыраған аудандарында су тасқынының бәсеңдей түскені байқалуда. Су тасқынына қарсы күресу жөніндегі Орталық комиссияның хабарында су әрбір сағат сайын тартылуда делінген.

Эльбаның тасуы салдарынан Дессау мен Магдебург арасындағы ауданда хаушті жағдай туған.

АДН агенттігінің хабарына қарағанда, Герман Демократиялық Республикасы президентінің міндетін атқарушы, Халық палатасының председателі Иоганнес Дикман кеше Дессау қаласында болып, су тасқынына қарсы күресу жөніндегі жер қазу- құрылыс жұмыстарының барысымен танысқан. Қаланың тұрғын халқы И.

Дикманға совет әскерлері әскери қызметшілерінің стихиялық апатқа қарсы күресте жанқыярлық көмек көрсетіп жатқанын айтқан. Иоганнес Дикман совет әскери қызметшілеріне шын жүректен алғыс айтқан.

Су тасқынынан зиян шеккендерге неғұрлым тез көмек көрсету мақсатымен республикада су тасқынының зардаптарын жою жөнінде республиканың еңбек сіңірген дәрігері профессор К. Линзердің басқаруымен Орталық комиссия құрылған.

Герман Демократиялық Республикасының халқы республиканың апатқа ұшыраған аудандарының тұрғын халқына көмек көрсету ісінде зор топтасқандық көрсетуде. АДН агенттігінің хабарына қарағанда, су тасқынына қарсы күресу жөніндегі комиссия аз уақыттың ішінде тек Берлиннің тұрғын халқынан ғана 1.300-ден аса өтініштер алған, бұл өтініштерде халық өзін республиканың су тасқынына ұшыраған аудандарына жіберуді өтінуде.

Республикада апатқа ұшыраған-дарға көмектесу қорына қаржы жыйнау науқаны өрістетілген. Баспасөздің хабарына қарағанда, Пендегі халықтық кәсіпорынның —«Цейс- верк» оптика заводының коллективі 100 мың маркадан аса қаржы жыйнаған. Вильгельм Пик атындағы кәсіпорынның жұмысшылары (Гера округі) көмектесу қорына 5 мың маркадан аса қаржы берген.

Су тасқынына қарсы күресу жөніндегі Орталық комиссия, деп хабарлады АДН агенттігі, Эльбада судың жоғары көтеріліп, аймақаралық ауданда су тасқынының хаупі төнуіне байланысты, Батыс Германияның транспорт министрі Зеебомға телеграмма жолдады, онда Виттенберге қаласы (Шверин округі) мен Шнанкенбург қаласы (Төменгі Силезия) арасындағы ауданды қорғау жөнінде тезічен бірлескен жұмыстар бастауды ұсынды.

Демократиялық Республикасы мен Совет Одағы халықтарының арасындағы мызғымас байланыстың өзгермейтіндігіне берілген сенім ретінде өзіңіздің үкметіңізге жеткізуіңізді сұраймын».

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА НЕМІС ЖАСТАРЫНЫҢ ЕРІКТІ ОДАҒЫНА ТЫЙЫМ САЛУ

ЛОНДОН, 17 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, кеше батыстерманиялық конституциялық сот үкметті неміс жастарының ерікті одағына тыйым салу туралы қаулысын бекіткен.

ХЕЙСТІҢ БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БОЛЫП ҚАЙТА САЙЛАНУЫ

БЕРЛИН, 17 июль. (СОТА). Бүгін Батыс Берлинде Батыс Германияның кәзіргі президенті Теодор Хейсті Батыс Германияның президенті етіп қайтадан сайлаған «федеральдық жыйналыстың» (оған бундестаттың, бундестраттың депутаттары, сол сыяқты, жер ландтагтарының өкілдері кіреді. **Редакция**) мәжлісі болды.

«Федеральдық жыйналыстың» 1018 мүшесінен 987 адам қатысты. Хейстің кандидатурасын жақтап 871 дауыс берілді.

Сөйтіп, бонн билеуші топтары президент қызметіне өздерінің адамын—Батыс Германияны ремилитарландыру саясатының жақтаушысын және оны Европадағы американдық агрессивтік фактіге енгізуді қолдайтын адамды сайлап алды. Хейстің қайта сайлануы бонның үкмет коалициясының социал-демократиялық «оппозиция» деп аталатынмен келісуі нәтижесінде күні бұрын шешілген болатын.

ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ ИНДОНЕЗИЯДАҒЫ ТІМІСКІЛЕНУІ

ДЖАКАРТА, 17 июль. (СОТА). Баспасөздердің хабар еткеніндей, АҚШ, Англия, Франция, Австралия және Новая Зеландия өкілдерінің Сингапурдегі соғыс кеңесінен кейін американ-ағылшын генералдарының Индонезияға деген көңіл аударуы өсе түскен. Баспасөздердің және парламент топтарының хабарына қарағанда американдықтар Индонезиямен келіспестен АҚШ-тың жоспары бойынша соғыс базаларына айналдырылуға тиіс 90 Индонезия пунктілерін белгілеген.

Бұдан аз уақыт бұрын ағылшынның Қыйыр Шығыстағы құрғақтағы күштерінің бас командашысы генерал-лейтенант Лоуэн Явада келіп кетті. Лоуэн келіссөздер, атап айтқанда Батыс Явадағы ушінші соғыс округінің командашысы полковник Кавиларанг-мен келіссөз жүргізді. Бұдан кейін Кавиларанг Сингапурге шақырылды.

Антара агенттігінің хабарына қарағанда, Индонезия парламентінің бір топ мүшелері Лоуэн мен полковник Кавиларанг-інің арасындағы құпия келіссөздер жөнінде түсінік беруді қорғаныс министрінен талап еткен.

Сонымен бірге агенттік былай деп хабарлайды: 16 июльде Оңтүстік Шығыс Азиядағы Англияның бас комиссары Макдональд Сурабайға келген.

бір командасы жеңіп, дасынан жеңіліп қалды. Жарыстың соңғы

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ССРО Халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің Мемлекеттік үшінші заемының 12-ші ұтыс тиражының

ТАБЛИЦАСЫ

Ұтыс тиражы 1954 жылғы 20 июньде Чебоксары қаласында өткізілді.

Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыстар шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
040157	15*)	5.000	045108	43☆)	1.000	049865	45*)	1.000	055260	45*)	1.000
040289	1—50	200	045309	41*)	1.000	050075	40*)	1.000	055373	08*)	1.000
040355	41*)	1.000	045466	38☆)	1.000	050078	1—50	200	055424	20☆)	1.000
040552	1—50	200	045473	1—50	500	050154	13*)	5.000	055509	1—50	200
040792	04*)	1.000	045510	27*)	1.000	050163	42*)	1.000	055607	19☆)	1.000
040834	10*)	50.000	045543	12*)	1.000	050200	33*)	1.000	055647	08☆)	1.000
041511	19*)	1.000	045624	1—50	200	050225	36*)	1.000	055804	21☆)	25.000
041513	47*)	1.000	045780	38☆)	1.000	050234	14*)	1.000	055890	42☆)	1.000
041540	14*)	1.000	045790	1—50	500	050252	18*)	1.000	055897	48*)	1.000
041542	33*)	1.000	046031	1—50	200	050353	11*)	1.000	055985	30☆)	1.000
041710	47*)	1.000	046085	13☆)	5.000	050516	1—50	500	055996	31*)	1.000
041985	41*)	1.000	046352	45☆)	1.000	050718	11☆)	1.000	056028	43☆)	5.000
042052	33☆)	1.000	046465	06*)	1.000	050859	18*)	10.000	056039	14☆)	1.000
042024	1—50	500	046478	1—50	200	050964	1—50	200	056177	1—50	200
042344	43*)	1.000	046509	26*)	1.000	051156	47*)	1.000	056283	33*)	5.000
042391	18☆)	10.000	046640	1—50	500	051267	17*)	1.000	056382	1—50	200
042436	1—50	500	046767	50☆)	10.000	051609	07☆)	1.000	056941	33*)	1.000
042907	1—50	200	046956	1—50	500	051666	09*)	1.000	057097	04*)	1.000
042967	49*)	1.000	047200	50☆)	1.000	051678	1—50	200	057511	25☆)	5.000
042984	43*)	1.000	047395	1—50	200	051731	31*)	1.000	057575	1—50	200
043054	09☆)	1.000	047464	07*)	1.000	051793	23☆)	1.000	057593	06*)	1.000
043083	22*)	10.000	047621	1—50	500	051836	1—50	200	057595	40*)	1.000
043164	1—50	200	047745	20☆)	1.000	052319	1—50	200	057604	01*)	1.000
043244	1—50	500	047847	46*)	1.000	052454	45*)	1.000	057621	19☆)	1.000
043403	1—50	500	047948	47☆)	1.000	052608	29☆)	1.000	057745	06☆)	1.000
043606	44*)	1.000	048012	42*)	1.000	052694	20☆)	1.000	057905	26—50	200
043650	24*)	1.000	048211	08*)	1.000	052877	43*)	1.000	058205	1—50	500
043656	1—50	200	048256	1—50	500	052921	38*)	1.000	058273	1—50	200
043671	41☆)	1.000	048432	03*)	5.000	053127	01☆)	5.000	058405	19*)	1.000
043766	21☆)	1.000	048470	1—50	500	053303	08*)	1.000	058446	11*)	1.000
043905	1—50	500	048512	44*)	1.000	053442	47*)	1.000	058545	1—50	200
044095	1—50	200	048563	1—50	200	053621	12☆)	1.000	058844	1—50	500
044162	1—50	200	048801	47*)	1.000	053670	1—50	200	058867	04☆)	1.000
044186	1—50	200	048839	20*)	1.000	053812	18☆)	5.000	058942	34☆)	1.000
044202	1—50	500	048890	1—50	500	054014	1—50	200	059034	47*)	1.000
044271	43☆)	1.000	048922	1—50	500	054300	38*)	1.000	059142	08☆)	1.000
044314	14☆)	1.000	048975	09*)	1.000	054305	23☆)	10.000	059279	1—50	200
044396	1—50	500	048981	34*)	1.000	054355	12*)	1.000	059372	1—50	200
044481	15*)	1.000	049121	35*)	1.000	054558	24☆)	1.000	059384	40*)	1.000
044669	04☆)	1.000	049621	34☆)	1.000	054989	22☆)	1.000	059559	12*)	1.000
044717	08☆)	25.000	049642	17☆)	5.000	054558	24*)	1.000	059603	10*)	1.000
045021	18*)	1.000	049735	1—50	500	055091	45☆)	1.000			
			049819	50*)	1.000	055187	1—50	200			

*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МҰНЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘНДЕР»

Сағат 6-30, 8-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02068. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.